Шапшаң желі шалғайға жол тартты
3-бет





Таланттар танымындағы табиғат бояулары
6-бет





Сарбаздардың білім сайысы
8-бет





ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | СЕНБІ, **8 МАУСЫМ**, 2024 ЖЫЛ **№63 (23 385)** | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz


Қарағанды облысының әкімі
Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ:

# Халыққа қызмет – абыройлы міндет

**Еліміздегі әкімшілік-аумақтық өзгерістен кейін де екінші үлкен облыс болып қалған Қарағанды аймағының қым-қуыт тіршілігін бір сұхбатпен қамтып шығу әсте мүмкін емес. Қазақстанның индустриялық орталығы ретінде ғасыр бұрын мойындалған кеншілер мекені – талай тарихтың, небір дүбірлі дәуірдің куәсі. Өндірісті өлкенің өткені жылдар жылнамасында айшықты бедерленіп, тасқа таңбаланғандай болып аймақ тарихынан орын алғаны белгілі. Бүгінгі сергек қоғам мен бұқараны қызықтыратыны – қазыналы Қарағандының қазіргі тынысы. Ал, бүгінгі күні қай салада қандай істер атқарылып жатқаны, алдағы уақытқа қандай жоспар құрылғаны бірінші кезекте өңір басшысына белгілі болса керек. Қарағанды облысының әкімі болып тағайындалғанына екі жылдай ғана болған Ермағанбет Қабдулаұлы Бөлекпаев ел аузында білікті басшы, жаңашыл менеджер ретінде аталады. Бұл сөздің растығына өңір басшысымен Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне қатысты сұхбат барысында көз жеткіздік.**







**– Ермағанбет Қабдулаұлы, Қарағанды облысының өнеркәсіптік әлеуеті зор екені белгілі. Қазіргі уақытта өңірдегі өндіріске инвестиция тарту мәселесі қай деңгейде? Аймақта қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға жасалып отырған қандай қадамдар бар?**

– Биыл біз жалпы сомасы 250 млрд теңгеге он инвестициялық жобаны іске қосуды жоспарлаған едік. Жаңа өндіріс орындарында 3,5 мыңдай тұрақты жұмыс орындары ашылады. Айталық, Шет ауданында «Қызыл Арай Купер» катодты мыс өндірісін, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында – «Қарағанды Пауэр Силикон» кремний қорытпаларын өндіруді, Қарағандыда «Юнайтед Энерджи Қазақстан» жел энергиясы мұнараларын және «Феррум Бетон Продактс» темірбетон бұйымдарының өндірісін, «Саран» индустриялық аймағы мен РТБ зауыты алаңында «Саран Тракс» жүк автомобильдерінің өндірісін, «Тэмпо Қазақстан» түзу тігісті болат құбырлар өндірісін және «Қазақстандық ыстық мырыштау зауытында» мырышталған металл бұйымдар өндірісін іске қосу жоспарланған.

Жалпы, облысымызда инвесторлармен жұмыс істеудің нақты жүйесі қалыптасқан. Инвесторлардың идеялары көңілге қонымды болса, оларды басынан бастап, өндіріс іске қосылғанша жан-жақты қолдаймыз. Инвесторға ыңғайлы болуы үшін әрбір инвестициялық жобаға біз бірлесе жұмыс істеу үшін өз мамандарымызды қосып отырамыз.

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының базасында Инвесторларға қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. «Бір терезе» қағидаты бойынша жүргізілетін оның жұмысына әкімдік өкілдері ғана емес, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, прокуратураның, Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігінің, өзге де құқық қорғау органдары мен салалық басқармалардың өкілдері қатысады. Олар жүргізіліп жатқан жұмыстардың заңдылығын қадағалайды. Біздің мамандар құрылысқа рұқсат беретін құжаттар, визалық қолдау, сондай-ақ инвестициялық келісімшарт жасасу бойынша жәрдем көрсетеді.

Осындай инвестициялық саясаттан оң нәтиже көріп отырмыз. Соңғы үш жылда өңірімізге 2 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Биыл да осы оң серпінді сақтап, 910 млрд теңгеден астам қаражат тартуды жоспарлап отырмыз. Осы жылдың алғашқы төрт айында облысымызға 200 млрд теңгеден астам инвестициялық қаражат құйылды.

Инвесторларды тарту үшін бізде «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы мен «Саран» индустриялық аймағы жасалғанын білесіздер. Бұл дегеніңіз инфрақұрылымы дайын, бизнес жүргізу үшін едәуір салықтық жеңілдіктері бар ірі өндірістік алаңдар. Саран қаласын дамыту моделіне ұқсас жұмыстарды басқа моноқалаларда да жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз.


➤4-5-бет


● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

## Еріктілер кеңесі құрылды

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік қызметшінің жағымды бейнесін қалыптастыру жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған жоспарына сәйкес, агенттіктің Қарағанды облысы бойынша департаментінің жанында Еріктілер кеңесі құрылды. Кеңес төрағасы – департамент басшысы Жандос Сәрсен.**

Еріктілер кеңесінің құрамына түрлі мемлекеттік органдардан игі істерді атқарып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын мемлекеттік қызметшілер кірді. Құрылған сәттен бастап, кеңес мүшелері қайырымдылық, экологиялық іс-шаралар, қан тапсыру, жалғызбасты қарттарға көмек көрсету, балалар үйінің тәрбиеленушілері, көпбалалы отбасыларға қайырымдылық жасау және тағы сол сияқты шаралар атқарған болатын.

Одан бөлек, «Әсем» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне Хайуанаттар бағына экскурсия ұйымдастырып, қуаныш сыйлады.

Балалар экскурсия кезінде жануарлар мен құстарды тамашалап, жануарлардың тіршілік ету ортасы және ұстау ерекшеліктерімен танысты.

Жақсы істің жаршысы болуға үлес қосқан Еріктілер кеңесінің мүшелеріне балалардың да алғысы шексіз болды.

Алдағы уақытта жоспарға сәйкес, қайырымдылық істерді атқару жалғасын табады.

Еріктілер қашанда азаматтық қоғамның дамуында белсенділік танытады.Сондықтан, олардың қоғамды жаңа деңгейге көтеретініне сенім мол.

Жалпы, еріктілер өздерінің таланты мен уақыттарын, күшін ешқандай ақы күтпестен жеке және ұжымдық шараларға жұмсауға құқылы.

Ерікті болу әрқашан ерлікпен тең. Олардың үлкен жұмыстары жүректерді жылылыққа толтырады. Жастарды тұлға деңгейіне дейінгі биікке көтереді. Олардың ерен еңбегі ақталып, қоғам тарапынан құрметтелсе нұр үстіне нұр.

**Өз тілшімізден**


ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың ІІ жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

| Санаты | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА | |
|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға | 5827,65 тг |
| Жеке жазылушылар үшін | 6 айға | 3079,65 тг |
| Санаты | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ | |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға | 5891,70 тг |
| Жеке жазылушылар үшін | 6 айға | 3083,70 тг |

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары: Тел.: 43-57-89
Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05;
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru


# Мемлекет мейірімсіз емес

**Қарағанды – урбанизацияға ең көп түскен өңір. Сондықтан да, логикаға салсақ, баспанаға сұраныс жыл сайын көбейеді. Бұдан бөлек, ішкі миграция бұрынғыға қарағанда сәл бәсеңдеді. Ауылға қазық қаққан караша жұрт та көлікке көш артпай, сабыр сақтауда. Содан да ішкі миграция сонау бір жылдарға қарағанда, біршама айылын жиып қалды. Ал, әйдік қала былай тұрсын, бұл күні ауылда аттылы жаяу түсіп баратындай, қозы көш жерден көзге «мен мұндалаған» үйлер бой көтеріп жатыр. Бұл – жалпы елдегі тұрғын үй құрылысының бет алысын көрсетсе керек. Баспана көптеп салынса, демек, экономиканың тынысы тарылмағаны. Көкке таласа көтерілген зәулім үйлер – соның айғағы. Бүгінде баспана мәселесі дәл баяғыдай шырығып, шиеленісіп тұрған жоқ. Үкімет пен мемлекетті жазғыратын күн емес. Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан бұқараның бас-басына баспаналы болуы үшін жеңілдетілген бағдарламалардың іске қосылғанын, сол арқылы мыңдаған адамның үй алғанын айту – парыз. Жасалған игілікті көрсоқырланбай көре білу – міндет. Игі істің шарапатын көріп тұрып, «жоқ» деп ауызды қу шөппен сүрту – азаматтыққа әсте жатпайды.**









Коллажды жасаған Ш.Адамбекова


➤6-бет


ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 485.95 ●**USD/KZT** 446.89 ●**RUB/KZT** 5.04 ●**CNY/KZT** 61.69

Қазақстан Ұлттық Банкінің 7 маусым, 2024 жылғы дерегі бойынша

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

# Парасат биігіндегі пікірлер алаңы

**Елімізде шешімін күтіп тұрған, тіпті, халықты алаңдатып отырған өткір мәселелер баршылық. Жастардың есірткіге тәуелділігі, діни сипаттағы жат ағымдардың етек алуы, тарих төңірегіндегі бітпес дау, саналы адамды мазаламай қоймайтын ана тілінің бүгінгі ахуалы, тағысын тағы... Бұл тақырыптың барлығы әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында жиі талқыға түседі. Кейінгі 10 жылда осы әңгімелер бұқара назарына да, көкейіне де бекіпін алған. Бірақ, нақты шешімін һәм кесімін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың отырыстарында айтып жүр. Жасыратыны жоқ, бұқараның көңіл күйін бұл күнде әлеуметтік желіден біліп отыратын хәлге жеткендеміз. Бәрміз жаутеңдеп, елеңдеп отыратын әлеуметтік желідегі толған жазбалар мен түрлі пікірге қарап отырсақ, Президент көтерген мәселелер көпшіліктің қолдауын тапқанға ұқсайды. Әлеужеліге жалтақтай бермей, халықпен тікелей сұхбат құру – жөн іс. Осы мақсатта Қарағанды облысына Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев ресми іссапармен келді.**



Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент кеңесшісінің Қарағандыдағы жұмыс күні Достық үйінен басталды. Достық үйіне Қарағанды облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері мен қоғам белсенділері және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері жиналды. Дөңгелек үстелде Мәлік Отарбаев зиялы қауымға Ұлттық Құрылтайдың идеологиялық маңызы хақында баяндамасын жасады. Сонымен қатар, өзекті проблемаларды шешуді көздейтін Президент тапсырмаларын тиімді жүзеге асырудың тетіктері жан-жақты талқыланды. Әлемдік саяси картада дүрлігулер орын алып жатқан кезеңде Қазақстан үшін бірлік, ынтымақ секілді қасиетті ұғымдар бойтұмар болатыны айтылды. Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі миссиясы да – осы.

Содан кейін Мәлік Отарбаев аймақтағы белсенді жастармен кездесті. Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын модератор болған жиында кәсібін дөңгелетіп, көпке үлгі болып жүрген кәсіпкер жастар, ғылым жолына түсіп, жетістікке жеткен жас ғалымдар өз ойларын ортаға салды. Мәлік Отарбаев Президенттің Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөздері тоқылған ел болашағы жастарға арналғанын айрықша атап өтті.

– Президенттің Ұлттық Құрылтайдың отырыстарында сөйлеген сөзін бірнеше мәрте оқып шықтым. Қарап отырсақ, сондағы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көтерген әр мәселесі жастардың жарқын болашағына тікелей қатысы бар. Елдің келешегі сіздер іргетасы берік, шаңырағы биік, мүмкіндіктерге толы мемлекетте өмір сүруі үшін бар жағдайды жасауымыз тиіс деп отыр Президент. Бүгінгі жастар трайбализм, яғни, рушылдық, жершілдікке берілмесе, керісінше, «Әр қазақ – менің бауырым» деп бір-біріне қолдау көрсетсе дейді. «Бірлік бар жерде – тірлік бар». Жан-жақты білімді болыңыздар. Мен әр өңірді аралап, жастармен кездесіп жүрмін. Жастарының деңгейіне қарап, кез келген аймақтың әлеуетіне баға беруге болады. Қарағанды облысының белсенді, жігерлі деген жастары – сіздерсіздер. Сіздерге қарап ерекше қуанып, қуаттанып отырмын, – деді Мәлік Отарбаев.

Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын болса, өз саласында үздік атанып, қоғам дамуына үлес қосып жүрген жастарды жеке-жеке атап, Президент кеңесшісіне таныстырды. Мәлік Отарбаев жастар тарапынан айтылған ілкімді ұсыныстар ескерусіз қалмайтынын жеткізді.

Белсенді жастардан соң Мәлік Отарбаев облыстың имамдарымен кездесті. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайда дәстүрлі дініміздің бүгінгі ахуалына қатысты айтқан сөздері талқыланды.

– Жастардың жат ағымның жетегінде кетіп, ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді жоққа шығаруы – ұлтымыз үшін қауіпті құбылыс. Әр дін қызметкері осының алдын алу үшін аянбай тер төгуі тиіс. Мен сіздерге осы жауапты қызмет жолында күш-қуат тілеймін! – деді Президент кеңесшісі.

Ұлттық Құрылтайда қоғамда белең алып тұрған отбасындағы зорлық-зомбылықты біржола тыю мәселесі де көтерілген еді. Бұл тақырып төңірегінде әңгіме Қарағандыдағы отбасын қолдау орталығында өрбіді. Орталықтың жұмысы да таныстырылды.

Мәлік Отарбаев Алаштың біртуар перзенті Әлімхан Ермековтің басына зиярат етті.

Іссапардың бірінші күні Қарағанды академиялық музыкалық театрында түйінделді. Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, КСРО Халық әртісі Сыдық Мұхамеджановтың 100 жылдығына орай сахналанған «Айсұлу» операсын тамашалады.

Іссапардың екінші күнінде Мәлік Отарбаев Осакаров ауданына at басын бұрды. Ол аудандық аурухананың жұмысымен танысып, ұжымымен еркін сұхбат өрбітті. Әлихан Бөкейхан атындағы мектепке де барды. Сонымен қатар, аудандағы педагогтармен, зиялы қауыммен кездесіп, Ұлттық Құрылтай отырыстары төңірегінде пікір алмасты.



**Қарағанды облыстық мәслихаты төрағасының өкімі**

Қарағанды қ.
№2-7/1-45 2024 ж. 7 маусымы

**Облыстық мәслихаттың кезекті XV сессиясын шақыру туралы**

Қарағанды облыстық мәслихатының кезекті XV сессиясы 2024 жылғы 20 маусым сағат 10.00-де (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал, 5 кабат) шақырылсын.

**ХАБАРЛАМА**

Облыстық мәслихаттың 2024 жылғы 20 маусымдағы кезекті XV сессиясының қарауына мына мәселелер шығарылады:

1. 2023 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы.
2. Қарағанды облысының 2021-2025 жылдардағы 2023 жылға арналған даму жоспарын іске асырылуының есебі туралы.
3. Қарағанды облысындағы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жағдайы туралы: мәселелер және оларды шешу жолдары.
4. Басқа да мәселелер.

Сессияны дайындауға жауапты: Әскербек Ибрагимұлы Халтонов, жұмыс тел. 8(7212)506672 (6103), электрондық пошта мекенжайы: 09oblmaslihat@mail.ru.

**Н.КОБЖАНОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы**

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Әуежай жаңарады

**Балқаш әуежайын қайта құру және жаңғырту жұмысы басталды. Әуежайдың жермен жүру жолы мен перронды қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 3,8 миллиард теңгені құрайды.**

Бас мердігер «Казахдорстрой» ЖШС ресурстарды жұмылдырып, қомақты көлемде арнайы техниканы, инженерлік-техникалық қызметкерлерді орналастырып, құрылыс-монтаж жұмыстарын бастады. Қазіргі уақытта асфальтбетон жабындарын фрезерлеу жұмыстары аяқталуда (98%), жермен жүру жолы негізі бөлшектенуде (40%) және жол төсемдері дайындалуда. Жұмыс жоспарына сәйкес бетон жабындысын монтаждау биылғы маусымда 15 маусымнан жоспарланған.

Жолаушылар ағыны үш есе, яғни, жылына 13 мыңнан 40 мың адамға дейін өседі деп күтілуде.

**Өз тілшімізден**

**БАЛҚАШ**

● БРИФИНГ

# Жаңғыртудың жарқын үлгісі

**Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы тұтастай қарағанда, кез келген қала мен кенттің тұрақты қызметін қамтамасыз етіп, құрлықтың қақ ортасындағы Қазақстанның инфрақұрылым игілігін дамытуда шешуші рөл атқарады. Еліміздің өнеркәсіптік орталығы атанған облысымызда бұл сала өндірістік кәсіпорындар мен қала халқының жоғары шоғырлануына байланысты, ерекше маңызға ие. Дегенмен, бұл іргелі кешен инфрақұрылымының «қартаюы» сияқты түйінді түйткілі де жоқ емес, бар...**

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

### Мәселенің төркіні

...Сондықтан, коммуналдық жүйелерді жаңғырту қажеттілігі жүзбе-жүз жұмысты айрықша талап етеді. Мәселен, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және оның халық үшін қолжетімділігін арттыру сынды стратегиялық маңызға ие сындарлы бастамалар іске асуда бүгінде. Осы және өзге толғақты сауалдар барысына облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Арман Сатыбаев өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында жете тоқталды.

Облыстың электр энергетикалық кешені 7 станция, 3 өңірлік электр желілік компания және 27 энергия беруші ұйымнан құралады. Тозу демекші, жылу көзінің негізгі қондырғыларының тозуы 69% шамасында. Энергия көзі жабдығының тозуы қалалардағы құрылыс қарқынының ұлғаюымен, әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысандарының пайда болуымен, әрмен қарай өнеркәсіптік кәсіпорындардың салынуына да тікелей байланысты. Яғни, бір жаңа нысан жылу, электр қуатына қосымша жүк деп түсінген ләзім. Сайып келгенде, мұндай олқылықтың орны толмаса, бара-бара, келе-келе, жылу энергиясының тапшылығына тап келуіміз әп-сәтте.

### Тапшылыққа тап келсек...

Мәселен, осы жылдың кейінгі 5 айында ғана өңірде электр энергиясын тұтыну 8,4 млрд. кВтсағ құраған болса, ал, өндіру 6,3 млрд. кВтсағ құрады. Тапшылық 2,1 млрд. кВтсағ шамасында. Демек, жетпеген көлем сыртқы энергия көздерімен қамтылғаны белгілі.

– Жүйелік операторымен бірлесіп жүргізілген сараптама деректері, 2013 жылдан бастап, соңғы 10 жылда электр энергиясын тұтынудың орта есеппен 1,5-2%-ға өскенін байқаймыз. Бүгінгі таңда электр желілерін жаңғырту және күрделі оңдау жобаларына ерекше назар аударамасқа болмайды. Сондықтан, 2024-2025 жылдардағы жөндеу науқаны кезеңінде энергия көзінің жұмыс сапасын арттыру үшін 22,5 млрд. теңге сомасына 45 қазандық пен 28 турбинаны жөндеуді межеледік. Уәкілетті органмен инвестициялық келісімдер аясында 2028 жылға дейінгі кезеңде облыстың іргелі 4 станциясында жаңа 3 қазандық пен 4 турбинаны іске қосу көзделді. Нәтижесінде, станциялардың қуаты 410 МВт электр және 430 Гкал/сағ жылу энергиясына артады, – деп мәлімдеді спикер.

Облыста 3 өңірлік электржелілік компания бар болса, электр желілерінің ұзындығы шамамен 24 мың шақырымды құрайды. Электр желісінің тозуын едәуір төмендету үшін энергия таратушы кәсіпорындарының инвестициялық бағдарламалары шеңберінде станциялар жабдықтарын реконструкциялау, техникалық жаңғырту кезең-кезеңімен жүргізіледі. Мәселен, 45 млрд. теңгеден астам сомаға 210 шақырым электр желісін жаңғырту амалдары іске асырылмақ. Нәтижесінде 2026 жылға қарай электр тарату желілерінің тозуы 68,2%-ға дейін төмендейді деп күтілуде. Бүгінде 500 шақырымнан астам электр желісі мен 205 бірлік қосалқы станциялар жабдықтары жөнделген.

### Дамуға бетбұрыс

Былтыр қазынылы Қарағанды Қазақстанның барлық электр энергиясының 30%-дан астамын өндірді. Мұнда «Саран» және үшінші Қарағанды жылу электр орталығының күш-қарымын атап өтпеске болмас. Бұл нысандарды жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу олардың тиімділігін едәуір арттыруға және атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын азайтуға тың мүмкіндік ұсынды. Тұжыра келгенде, Қазақстанның энергетикасы мен тұрғын үй-коммуналдық секторы белсенді трансформация сатысында тұр. Ел энерго байлығының жетекші экспорттаушысы ретінде өз тұғырын нығайтуды жалғастырып жатқанымен, инфрақұрылымды ішкі жаңғырту басым міндет болып қала береді. Энергетика секторында маңызды рөл атқаратын Қарағанды облысы «қартайған» коммуналдық инфрақұрылымның сын-қатерлерімен бетпе-бет келуде. Алайда, іске асырылып жатқан жаңғырту жобалары тауу болашақта жағдайдың жақсаруына үкілі үміт артуға негіз боларлықтай. Саланың тұрақты қалыпта дамуы инновациялық технологияларды енгізумен әрі инвестиция құюмен қатар, Қазақстан халқының тұрақты өсуі мен өмір сүру сапасын арттырудың кепілі болмақ.




Инфографиканы жасаған Е.Кеңесбекұлы

### Төңірек тазалығы

Сөзінің соңында салалық басқарма өкілі «Таза Қазақстан» эко-акциясының өту барысын да тілге тиек етті.

– Биыл 8 сәуірде елімізде Мемлекет Басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталғанын білесіздер. Ауқымды акция кешенді 5 тақырыптық аптаға бөлінді. Алғашқы аптасы алты ай қыстан кейінгі қалалар мен елдімекендер аумағын тазарту амалдарына арналған «Таза өлке» тақырыбында өрбіді. Оған 40 мыңнан астам адам, 6 мың кәсіпорын қатысты. 15 мың тонна тұрмыстық қалдық шығарылып, 10 мыңнан астам аула аумағы тазартылды. 367 рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері жойылды. Шынтуайтында, Президент бекітіп берген «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы халықтың экологиялық сауатын арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға деген саналы көзқарасын қалыптастырып үлгерді, – деп қайырды Арман Сатыбаев.

Еске салайық, «Таза Қазақстан» акциясы 2018 жылы бастау алып, содан бері жыл сайын өткізіліп келеді. Облыста ауқымды іс-шара аумақтарды тазалау мен ағаш отырғызудан бастап келіп, экологиялық ағартуға және зиянды шығарындыларды азайту бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындармен жұмыс істеуге дейінгі экологиялық бастамалардың кең спектрін қамтыды. Былтыр акцияға 50 000-нан астам қатысушы жұмылдырылып, олардың арасында мектеп оқушылары, студенттер, кәсіпорын қызметкерлері, жергілікті билік өкілдері және облыстың қамқор тұрғындары болды. Іс-шара аясында 200-ден астам экологиялық акциялар, оның ішінде, жаппай сенбіліктер және арнаулы семинарлар өткізілді.

# Шапшаң желі шалғайға жол тартты

**2002 жылы әйгілі өнертапқыш негізін қалаған SpaceX ғарышты игеру мұратына бас қойып, ғаламдық спутниктік желіні құрған әлемдегі жетекші компанияның біріне айналғаны web-мамандар жадында. Аталған жаһандық компанияның Starlink деп аталатын спутниктік интернет жобасы шалғай аймақтарды қоса алғанда, дүниежүзілік желіге қосылуға қарышты қадам екендігі тағы да аян. Міне, осы бірегей мүмкіндік облыстың 106 мектебінде интернет жылдамдығын арттырмақ. Биыл мамыр айының орта шенінен бастап, республикалық ғарыштық байланыс орталығымен бірлесіп, Starlink жүйесін орнату амалдары басталып та кетті.**



**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Келелі міндетке қол жеткізу үшін облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы білім ордаларын спутниктік интернетімен қамтамасыз ету үшін республикалық ғарыштық байланыс орталығымен 145,5 млн.теңге сомасына арнаулы келісімшарт жасасты.

SpaceX компаниясы – шалғай жердегі тым сенімсіз, яки, қымбат немесе ғаламтор жүйесі мүлдем қолжетімсіз аумақта жоғары жылдамдықты кең жолақты спутниктік желіні қамтамасыз ететін ғаламдық спутниктік жүйе. Жоталы жоба 2015 жылы дүние жүзінде жоғары жылдамдықты интернетті қамтамасыз ететін, ғаламдық спутниктік желі өрмегін құруды мақсат еткен жоба екендігін ақпарат айдынының бетіне уағында жариялаған. Ал, 2018 жылы алғашқы сынақ спутнигі ұшырылып, 2019 жылы жаппай ұшырылымдар басталды. 2024 жылға қарай SpaceX 4000-нан астам спутникті орбита төріне шығарды. Бұл Солтүстік Америка, Европа және Азияны қоса алғанда, әртүрлі аймақтарда қызмет көрсетуді бастауға мейлінше кең мүмкіндік ұсынды. Қазақстанда Starlink интернеті талшықты-оптикалық байланыс желілерін жүргізу қолма-қол мүмкін болмаған жерде орнатылады. Мұндай заманауи технология әл-әзір тек ауылдық мектептерде зор сұранысқа ие. Өкінішке қарай, қазақстандықтарға жаңа провайдер жабдықтарын сатып алу әрі лезде орната қою әлі мүмкін болмай тұр. Бірақ, келесі жылы рұқсат етілуі бек-мүмкін дейді сарапшылар. «Іздегенге – сұраған». Starlink жүйесі бұл олқылықтың орнын толтырады. Яғни, жер шарының кез келген нүктесінде ғаламтор желісін қамти алатын компания қазақ жерінің жағрапиялық ландшафтына да иі қанған терідей икемді. Қазақстанның орталық бөлігінде орналасқан Қарағанды облысы Starlink спутниктік интернетін енгізуге зәру өңірлердің бірі. Осы жобаның арқасында көптеген шалғайдағы елдімекендер жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізе отырып, аймақтағы экономиканың, білім берудің және медицинаның дамуына игі ықпал ете бастады.

– Бұл теңдессіз технология сапалы интернет желісімен қамтуды мақсат етеді. Осы арқылы заманауи түрлі сервистерге қосылып, демде ақпарат алмасуды оңтайлы реттейді. Иә, бағамы сәл жоғары деген сауал қылаңытатыны сөзсіз. Бірақ, мұндай жүйе дәстүрлі сапалы интернет инфрақұрылымы орнатылғанша қызмет ете тұратындығын еске саламыз. Бұл қанша айтқанмен, спутниктік байланыс ошағы екендігін ұмытпаған ләзім. Қаржыландыру тетігіне келсек, облыс бюджетінен іске асады, – деп хабарлады облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы басшысының орынбасары Меиржан Жумаханов.

Бүгінде өңірдегі 106 мектептің 42-сі Starlink интернетіне қосылып үлгерген. Қалған 64 мектепті шілде айының соңына дейін қосу межеленді. Ай сайынғы абоненттік төлем – бір мектеп үшін – 149 774 теңге. Жылына шамамен 1 млн. 800 мың теңге шығады. Көкпекті ауылының мектебі де ғаламтор жылдамдығы төмен мектептер тізіміне енген еді. Бұл оқу ошағында ұзын саны 487 бала оқиды. Бұған дейін аталған білім ордасы «Қазақтелекомның» секундына 8 мегабиттік ғаламтор жүйесімен жарақталған-тын. Starlink орнатылғаннан соң мұндағы интернет жылдамдығы 10 есеге өсті. Үздік жоба 8,5 мыңға жуық шәкіртті жылдамдығы жоғары ғаламтор желісімен толықтай қамтамасыз етпек.



– Бек қуаныштымыз! Білім ордасының барлық оқу кабинетінде ғаламтор жылдамдығы оқу үдерісіне оң септігін тигізуде. Өздеріңіз жақсы білесіздер, қазірде интернет қай жерге болмасын мейлінше мүмкіндік сыйлайтын жаһандық жүйе. Шәкірттеріміздің білімін электронды Bilimal журналы арқылы бағамдаймыз. BilimLand, TopIQ сынды электронды өзекті қолданбалар бар. Бұдан бөлек, Ұлттық бірыңғай дерекқоры бар. Онда мектептің барлық керек мәліметі жүктеледі. Әлбетте, кез келген оқушы интерактивті негіздегі заманауи қалыпта білім алуға құштар екендігі айтпаса да түсінікті. Сондықтан, осы белесті еңсеруге атсалысқан барлық құзыретті мекемелер өкілдеріне алғаусыз алғысымызды жеткіземіз. Осы соны мүмкіндік бізге ұстаз ретінде оқушыларымызға сапалы білім, саналы тәрбие беруге септеседі, – дейді Көкпекті жалпы білім беру мектебінің директоры Гаухартас Жаймина.

Атап өту қажет, бұл заманауи технология елдімекендерге талшықты-оптикалық байланыс желілері толығымен жеткізілгенге дейін қалтқысыз қызмет атқарады. Ол үшін «Қолжетімді интернет» Ұлттық жобасы аясында 2027 жылдың соңына дейін облыстың 164 елдімекенінде талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу көзделген. Орнату жиынтығына антенна, штатив және маршрутизатор кіреді.

Қорытындылай келе, осы жобаны іске асырудың арқасында біздің алдымызда жаңа цифрлық мүмкіндіктер ашылуда. Мұғалімдер мен оқушылар цифрлық ресурстарды сапалы пайдалана алады. Оқу үдерісі кезінде интернет желісін үздіксіз қолданып, шарапатын көре алады. Білім беру тәртібін жақсартумен қатар, аталған нұсқа облыстың шалғайдағы мектептерін базалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге бейім. Дәл осы инфрақұрылымда жақын болашақта бейнекамераларды жедел басқару орталығына шығару, сантүрлі пайдалы қызметтерді іске қосу көкжиегі ашылады. Көкмөлдір экранға телмірген жанның дегбірі қашпас бұл жетістіктің түпкі тегі виртуалды әлемдегі игілікке қол жеткізеді. Ендігіде алыстағы ауыл халқының ерен-ғайып еңбегі еш кетпейтініне сенім селкеусіз

Суреттер **автордан**

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# Жәрмеңкеге кел де, жұмыс тап!

**Қарағанды қаласының әртүрлі қызмет саласындағы жұмыс берушілерден құралған «Жастарға жұмыс» жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкенің басты мақсаты – жастарды, оның ішінде, мүгедектерді жұмыспен қамту. Сондай-ақ, студент жастардың жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, мүмкіндігі шектеулі жандарды еңбекке баулу.**

Жәрмеңке Қарағанды қаласындағы «Таир» сауда үйінде өтті. Онда қырықтан аса түрлі мекеме мен кәсіпорын өкілдері бос жұмыс орындарын ұсынды. Жәрмеңкені ұйымдастырушы орталықтар, Қарағанды қаласының түрлі жоғары оқу орындары мен колледж түлектеріне шақырту жіберген. Нәтижесінде, жұмыс іздеп келушілер саны 500-ден асты.




– Бүгінгі жәрмеңкенің мақсаты – жастарды жұмысқа тарту. Біз бір ай көлемінде дайындық жүргіздік. Дайындық кезінде Қарағандыдағы колледждермен жұмыс істеп, түлектерін жәрмеңкеге жұмыспен қамту үшін шақырдық. Дәл қазір түрлі сала бойынша жұмыс орындарынан келген 400-ден аса бос жұмыс орны бар. Жұмыс іздеп келгендердің басым бөлігі – студент жастар. Байқауымызша, ұйымдастырылған әр жәрмеңке сайын келетін адамдар саны көбеюде. Қазір жаз мезгілі, яғни, маусым басталды. Дипломын алған жастар жәрмеңкеге белсенді қатысуда. Біз оларды жұмыспен қамтуға бар күшімізді саламыз, – деді, қалалық жұмыспен қамту бөлімінің қызметкері Дәурен Тұрамбеков.

**Аяжан ЖАРУЛИНА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
журналистика бөлімінің
II курс студенті**

● ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

# Нығметтің ауылына нығмет қайдан?..

**Қарқаралы ауданындағы бұрынғы Қаратау совхозы бір кезде дүрілдеп тұрған шаруашылық еді. Қазір «Нығмет Нұрмақов атындағы ауылдық округ» деп аталады. Орталығы Өсібай ауылы бұрын Қазыбек би ауданының орталығы болған Егіндібұлақтан отыз-ақ шақырым қашықтықта, окуругтің аумағы Балқантаудың ту сыртындағы Бастал бөлімшесінен басталады.**






**Болатбек ӘШІМҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Сөйте тұра, кейінгі жылдардағы жағдайы Қарқаралыдан түу қиянда – 140-185 шақырымда жатқан Ақтасты мен Айрық ауылдарынан да нашарлап кетіп еді. Кейінгі айтқан ауылдарымызға өткен жылдың соңына таман интернет желісі тартылған. Сол кезде жарық жанып, теледидар көргенге де тәубесін айтып отырған ауыл халқы жарылқанып қалып еді. Енді сол XXI ғасырдың басты жетістігі жақында Өсібай ауылына да жетті. «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ», – десіп мұндағы ағайын да қуанысып жатыр.

Жалпы, Нұрмақов ауылдық округінде үш елдімекен, 22 қыстақ бар. Барлығы 349 адам тұрады. 35 шаруа қожалығы, 2 ЖШС жұмыс істейді. Округ орталығы Өсібай ауылында 45 түтін, екі жүзге жуық адам бар. Ауылдың өзіне шақ медпункті, мәдениет үйі, бастауыш мектебі мен кітапханасы бар. Осы ауылдық округке кіретін Бастал мен Көлбасында да біраз ел отыр.

Биыл сәуір айының ортасында Нұрмақов ауылдық округінің халқы өз әкімін жаңадан сайлады. Елдің қалауымен бұл қызметке осы ауылдың тумасы, көп жыл құқық қорғау органдарында еңбек етіп, зейнет демалысына шыққан Нұрлыбек Әшімов келді. Білімі мен тәжірибесі толысқан азамат туған ауылын көркейту жұмыстарына бірден кіріскен сыңайлы. Ауылға интернет желісін тарту жұмыстары да сәуір айының соңында қолға алынған. Сол кезге дейін шешілмей келген қаражат мәселесінің де орайы келіп, Қарағандыдан келген «IT Көмек» компаниясы ауыл халқын санаулы күннің ішінде әлеуметтік желіге қосып, игілігі мол шаруа атқарды.

– Мен мұнда қызмет қуып емес, туған жерімнің, өз ауылымның жағдайын көтерсем, еліме қолымнан келгенше жәрдемдессем, – деп келдім дейді ауыл әкімі Нұрлыбек Мәуленұлы. – Ештеңе бір күнде жасалмайды. Кеше интернет желісін тартқызсақ, бүгін ауыл көшелерін қоқыс үйінділерінен тазартып жатырмыз. Жалғыздың үні шыға ма, мұндай іске бүкіл ауыл болып жабылып кеттік. Ауылға өз техникаларымен келіп тазалау жұмыстарына көмектесіп жатқан Нұркен Әбдіров ауылының жігіттері Ерғали Агидилов, Темірхан Әлкешов, Сабыр Иманғалиев деген азаматтарға рахмет.



Шынында да, осы күндері Өсібайды нешеме жылдардан бері басып кеткен күл-қоқыс үйінділері тазаланып, аулаққа шығарылып жатыр. Көп тонналық көліктермен бүгінге дейін 350 рейс қоқыс шығарылған.

Ауыл басшысы осындағы шаруа қожалықтарына алғысын жаудырып жүр. Олар бұрын көшіп кеткен елдің жұртында қалған үй орындарын, күл-қоқыстарын тазалауға жұмыла кірісіп, көмектесіп жатыр. Әкімнің туған ауылға қарайласқан азаматтарға разылығы сонша, әрқайсысының атын атап, түсін түстеп, осы азаматтарға алғысымыз жетпей қалмасыншы деп қайталай өтініш білдіріп қалды. Нұрмақов ауылдық округін алға сүйреп жүрген шаруа қожалықтарының жетекшілері: Рымбек Бакенов, Бауыржан Арконов, Ғани Сағынаев, Мұрат Мұздыбаев, Нұртілек Қапбас, Сұңғат Сейілханов, Бекзат Ахметов, Қуанышбек Қарсыбеков, Нұрасыл Башенов, Өмірзақ Қапсаттаров, Нұрғазы Оспанов, Аманжол Әлімханов, Гүлмира Байназарова, Айбек Сағындықов, Мереке Жұмаділов, Серікбол Жұмаділов сынды азаматтар.

Бұл кісілерге ауыл тұрғындары әбден разы.

Өсібайды Егіндібұлақпен жалғайтын көтерме жолдың жағдайы тым нашар. Бұл, енді, естір құлақ болса, қай заманнан айтылып келе жатқан мәселе. Биыл Бауыржан Шегенбаев бастаған мердігер ұйым жол жөндеу жұмыстарына кірісіп жатыр, әзіргі көңілге сол демеу.

Өсібайда жарықтандыру мәселесі де мәз емес көрінеді. Жалпы, жарық мәселесі бұл өңірде жол проблемасымен қатар жүретін болған. Кеңес дәуірінде тартылып, ондаған жылдар бойына жаңартылмаған желілер жел тұрса, үзіліп жататын жағдайлар жиі болып тұрады.

Ең бір жаманы – Нұрмақовта ұялы байланыс жоқ. Егіндібұлақта бар, арғы жағындағы ауылдарда да бар, тек осы ауылға бұйырмай тұр. Ала қойды бөле қырыққандай оғаш дүние. Бұл мәселе де қаражатқа тіреліп тұрған көрінеді, әлбетте. Нығмет атаулы Нығмет ауылына келгенде түгесіліп қалғандай. Осы мәселелерге құзыры жететіндер болса, елдің жайын ескерсе дейміз. Әкім бастаған ауыл халқы әзірге өз күшімен тіршілік жасап жатыр.

**Қарқаралы ауданы**

Суреттер **автордан**

# Халыққа қызмет – абыройлы міндет

**(Соңы. Басы 1-бетте)**



Өндіріске, ауыл шаруашылығына, туризмге, басқа да маңызды салаларға инвестиция тарту шаралары алдағы жылы да жалғасын табады. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда ашықтық керек. Жер телімі мәселесінде дау туындамауы тиіс. Түрлі себептермен жұмысы тоқтап қалған өндіріс орындарының тізімін жасап, олардың жағдайын, өзіміздің барлық мүмкіндіктерімізді тәптіштеп, Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетіне, «Самұрық-Қазына» холдингіне, шетелдердегі елшіліктерімізге жолдадық. Әлеуетті инвесторларды тарту үшін Қытай, Оңтүстік Корея, Ресей, Беларусь мемлекеттеріне арнайы өкілдерімізді жіберіп, инвестициялық жобаларды таныстыру, ұсыну бойынша жұмыстар тұрақты жүргізіліп келеді. Бұл бірінші кезектегі мәселелер. Инвестиция дегеніміздің өзі – жаңа жұмыс орындары, бюджетке түсетін қомақты салық қаражаты. Барлық деңгейдегі әкімдердің негізгі міндеті де осы. Бұл мәселе тікелей ел Президентінің бақылауында.

**– Көктемгі су тасқыны кезінде Қарағанды облысындағы жағдай республиканың басқа өңірлеріне қарағанда біршама тұрақты болды. Алдын ала жасалған қауіпсіздік шаралары туралы айтып өтсеңіз. Алдағы кезеңге дайындық қалай?**

– Дайындық жұмыстары жыл сайын «Су тасқынына қарсы іс-шаралар» жол картасы мен Инженерлік жұмыстар жоспарының аясында жүргізіледі. Соңғы жылдары бізде 274 км қорғаныс бөгеттері мен жолдары салынып, нығайтылды, 260 км өзен арналары тазаланды, 104 км су бұру арналары жасалды, 309 жол учаскесінде су өткізу көздері реттелді, 68 км кәріз жүйелерінің біразы жөнделіп, біразы жаңадан салынды. Осындай шаралардың арқасында 122 елді мекендегі су басу қаупін айтарлықтай азайттық және биыл сол жағдай қайталанар болса, дайын отырмыз деуге болады.

Негізі, көктемде болатын су тасқынына орай алғашқы жиынды біз қаңтар айында өткізген болатынбыз. Оған барлық тиісті құзыретті басқармалар мен мекемелердің өкілдері қатысты. Сол кезден-ақ биыл көктемде су тасқыны қатты болады деп болжаған едік. Өйткені, өткен күзде жерге өте мол ылғал түсті, одан кейін аяздар болды. Соның салдарынан жердің тоңы да 1,5-2 метрге дейін қалыңдағаны белгілі. Артынан қар да, жаңбыр да жауып, соңы тағы қатты аяздарға ұласты. Көктемде қарғын суының мол болатыны содан-ақ белгілі еді. Сондықтан, ерте бастан арнайы штаб құрып, оған өзім басшылық жасап, апта сайын әр аудан бойынша басшылардың есептерін тыңдап, тиісінше тапсырмалар беріп отырдым. Ауылдық елді мекендерде қар күреу, оны шығару, барлық техникаларды дайын ұстау жағы қатаң бақылауда болды. Атқарылған жұмыстарды Төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің өкілдері жер-жерге арнайы барып қадағалап отырды. Бөгет, плотина, су қоймаларында сақтық шаралары, барлық су жолдары мен арықтарды тазалау жұмыстары алдын ала жүргізілді. Соның нәтижесінде су тасқыны кезінде айтарлықтай шығын бола қойған жоқ. Барлық деңгейдегі әкімдер мен жауапты қызметкерлер жұмыла жұмыс істеп, белсенділік танытты. Биылғыдай су тасқыны, білетіндердің айтуынша, 2015 жылдан бері болмаған екен. Қала іргесіндегі момақан Соқыр өзенінің өзі биыл ерекше тасыды, білесіз.

Шет ауданының үш ауылында шығындар болды. Онда Шерубай-Нұраның суы қатты көтеріліп, елу шақты үйді су алды. Арнайы комиссия солардың алтауын қалпына келтіруге жарамсыз деген шешім шығарды. Бес үйдің иесіне тез арада баспана сатып әпердік. Алтыншы отбасыға салынып жатқан үй осы маусымның ортасына дейін берілмекші. Басқа қосымша шығындар, жөндеу, техника қажеттіліктері, мал шығыны тегіс өтелді. Оның бәрін өзім тікелей барып қадағаладым. Биылғы су тасқынынан сабақ алған тұстарымыз да болды. Кем соққан жерлердің бәрін ескеріп, келер жылдары соның бәрі ескерілетіндей жоспарларымызды қазірден әзірлеп қойдық. Бұл мәселе әкімдіктің аппарат жиындарында күн тәртібінен түскен емес. Алдағы уақытта су тасқыны болсын-болмасын, кез келген төтенше жағдайға жылдың қай мезгілінде де әзір болуымыз керек.

Биыл көктемдегі қызыл сумен жұмыла күресуде атқарған жұмыстарымызды Премьер-Министр де жоғары бағалап, ырзашылығын білдірді. Бұл дегеніңіз жекелеген адамдардың емес, бүкіл елдің үлкен жауапкершілікпен бір кісідей әрекет жасауының арқасында мүмкін болған нәтиже. Су басқан ауылдарда Төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің, «Астана» өңірлік қолбасшылығының жауынгерлерімен бірге ауылдағы қарапайым азаматтар да көп еңбек жасады. 1 млрд 200 млн текше метр су бір арнаға құйылды, облыс аумағындағы өзен арналарымен 1,5 млрд текше метрдей су өтті.

Қазір біз 161 тармақтан тұратын Инженерлік жұмыстардың кезекті жоспарын іске асыруға кірісіп те кеттік. Өзен арналарын тазалау, қорғаныс бөгеттерін нығайту, автожолдардың су өткізу көздерін жақсарту, су нысандарын жөндеу сияқты жұмыстарды жалғастыра береміз. Осы жерде бізге су тасқыны кезінде көмекке келіп, жұмыла жәрдем жасаған құтқарушылар мен әскерилерге тағы да алғыс айтқым келеді.

**– Қарағанды облысының қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де даму жоспарлары бар. Оның бәрі қыруар жұмыс және шетінен кезек күттірмейтін мәселелер. Осы орайда өңір басшысы ретінде өзіңізге қандай талап-міндеттер жүктейсіз?**

– Өзіме де, өзге әріптестеріме де қояр басты талабым – халықтың кірісін арттырып, тұрмыс жағдайын жақсарту, жаңа жұмыс орындарын ашу. Бұл мәселелер біртіндеп, жүйелі түрде шешіліп келеді, облыс бойынша, оның ішінде аудан-қалалардың әрқайсысы бойынша 2027 жылға дейін межеленген нақты жоспарларымыз бар.



Облыс орталығын, Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай сияқты моноқалаларды дамыту үшін Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, Қарағанды агломерациясының кешенді жоспары әзірленуде. Сарапшылармен, ғылыми ортамен ақылдаса отырып, Теміртау, Шахтинск, Абай қалаларын дамытудың жаңа тәсілдерін жасаймыз.



«Qarmet»-тің Болат департаментінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, болат, прокат және шойын өндірісін арттыруды көздеп отырмыз. Сондай-ақ, «Шұбаркөл Көмір» мен «Шұбаркөл Премиум»-да көмір өндірісін ұлғайту қажет.

Қарағандыда тұрғын үйлер құрылысы қарқын алып келе жатқанын білесіздер, соны ескергендіктен 3-ші жылу-электр орталығынан тартылған магистральдық жылу жүйесінің құрылысы да аяқталуға жақын.

Биыл облыста шамамен 500 мың шаршы метр баспана пайдалануға беріледі. Алдағы жылдары одан да көп болады.

«Саран» индустриялық аймағының өнеркәсіптік алаңында жан-жақты инфрақұрылым қалыптастыру жұмыстары жалғасуда. «Qaztehna» автобустарының 2 мың бірлігін шығару жоспарланған болса, жыл басынан бері 330 автобус пен 81 коммерциялық техника дайын болды.

Ал үстіміздегі жылы былтырғыдан он есе көп тұрмыстық техника шығаруды мақсат тұтқан «Silk Road Electronics» жылдың бастапқы төрт айында 23 мың бірлік техника шығарып үлгерді.

Біз қазір әріптестерімізбен бірге «Шағын өнеркәсіп аймақтары» жобасын қарастырып жатырмыз. Бұл жоба дайын өндірістік ғимараттар салу немесе өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнес субъектілері үшін қолда бар ғимараттарды реконструкциялау үшін жеңілдікпен несие беруді көздейді.

Балқаш қаласы бойынша былтыр Үкімет Кешенді жоспарды бекіткен болатын. Қаланың әлеуетін ескере отырып, осы өңірдің инфрақұрылымы мен туристік әлеуетін арттыруға күш салып жатырмыз. Қаланың тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымы жақсартылу үстінде. Яғни, қаланың жылу жүйелері жаңартылуда, «Қоңырат» шағын ауданында кварталішілік жылу жүйелері салынды, үй аулалары абаттандырылып, көппәтерлі тұрғын үйлердің шатыры мен қасбеті жөнделуде. Жағалау аймағын, қалалық жағажайды реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы, облыстың барлық қалалары мен аудандарында инфрақұрылымдық жобалармен қатар басқа әлеуметтік инфрақұрылымды да дамыту үстіндеміз.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында облыста 2026 жылға дейін 18 мектеп салу жоспарланса, соның 10-ы биыл тұрғызылады.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламасы бойынша 14 фельдшерлік-акушерлік пункт салынды, тағы 27 нысанды осы 2024 жылдың соңына дейін іске қосу жоспарланған.

Облысымызды одан әрі серпінді дамытуға қазір біздің әлеуетіміз де, мүмкіндігіміз де жетеді. Өңірімізді жетілдіру үшін барымызды саламыз деп сендіре аламын.

**– Сіздің тапсырмаңызбен ауылды медициналық мамандармен қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. Біздің облыс ауылда жұмыс істегісі келетін жастарға әлеуметтік қолдау көрсету үшін берілетін қаржы гранттарының көлемі бойынша көш бастап тұр. Сол шаралардың бүгінгі нәтижесі қандай?**

– Иә, медициналық кадрлардың, әсіресе ауылда жұмыс істеуге дайын мамандардың тұрмыстық мәселелерін шешуге, қаржылай қолдауға тырысамыз. Биыл ауылдық жерлерден фельдшерлік-акушерлік пункттер ашылды. Енді соларға мамандар тарту қажет. Былтыр ауылдық жерлерге 60 медициналық және фармацевтикалық қызметкер жұмысқа барып, оларға 246,5 млн теңге көтерме ақы төленді. Биыл облыстық бюджеттен ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға 407 млн теңге бөлінді. Аса тапшы мамандықтар бойынша салалық дәрігерлер 8,5 млн теңгеге дейін көтерме ақы алады.

Бұған қоса, аудандық әкімдіктер мен медициналық ұйымдардың басшылары өз деңгейінде қызметтік баспана беру, маманның жұбайының жұмысқа орналасуына көмектесу, балаларын балабақшаға, мектепке рәсімдеу мәселелерін шешеді. Бейінді мамандарға сынақ мерзімінен өту нәтижесі бойынша коммерциялық айлықақы мен лауазымдық айлықақыға дербес үстемеақы белгіленеді. Сонымен қатар, әкімдіктер «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік қолдау, өңірге келетін мамандарға жеңілдікпен несие беру бойынша жұмыстар жүргізеді.

Биыл Қарағанды, Теміртау, Балқаш қалаларында 220 жас маман баспанамен қамтамасыз етілмек. Сонымен қатар, медицина қызметкерлеріне жаңа тұрғын үй кешенін салу үшін «Жаңа қала» шағын ауданында 1 гектар жер бөлінді, қазіргі уақытта екінші деңгейдегі банктер арқылы қаржыландыру жолдары пысықталуда. Бізге ауыл халқына барлық қажетті көмектің жедел көрсетілуі маңызды, сондықтан біз дәрігерлерді ауылда жұмыс істеуге ынталандыра береміз.

**– Жыл басында Қарағандыда тұрғын үй құрылысына қатысты дау туындап, үлескерлер тығырыққа тірелгені есімізде. Сол кезде сіз барлық жағдайды өз бақылауыңызға алып, даулы мәселені халықтың пайдасына шешуге ықпал еткеніңізді көпшілік жақсы біледі. Енді осындай келеңсіз жағдайлар қайталанбауы үшін қандай шаралар жасалды?**

– Иә, шынында да, бұл құрылыстарды салушылар заңды белден басқаны оның үстіне үлескерлердің қаражатын да заңсыз пайдаланғаны белгілі болды. Өздеріңізге белгілі, осы тұрғын үй кешендері бойынша медиативтік келісімдер жасалды, яғни құрылысшыларға құжаттаманы ретке келтіруге, ғимараттардың қауіпсіздігін, тұрақтылығын растау үшін техникалық тексеру жүргізуге мүмкіндік берілді. Алайда, мұның бәрі болар іс болып, нәтижесінде қарапайым халық зардап шегейін деп тұрғандықтан ғана мәжбүрліктен жасалған шара болды.

Мұндай жағдай қайталанбауы үшін мен апта сайын қала әкімінің, Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысының көппәтерлі тұрғын үйлер құрылысы, үлескерлер қаражатын тарту, басқа да шұғыл мәселелер бойынша есептерін тыңдаймын. Барлық басшыларға заңсыз құрылысқа жол бермеу міндеті жүктелген; егер ондай жағдай орын алса, алғашқы қазығы мен іргетасынан бастап қатаң шара қолданылады; күн сайын тексерулер жүргізіледі. Мұндай шаралар нәтиже береді, құрылыс салушыларды тәртіпке шақырады. Қазір біз жағдайды түгелдей бақылауда ұстап отырмыз.

**– Облыс орталығын газдандыру жобасы қарқынды жүріп жатыр. «Таугүл», «Күнгей» шағын аудандарының тұрғындары газға қолымыз жете ме деп алаңдаулы. Сондай-ақ, қыста қала орталығындағы жеке тұрғын үйлерден шыққан түтін қаланың экожүйесіне кері әсерін тигізіп келеді. Бұл жобаны іске асыру қашан аяқталады?**

– Қарағандыны газдандыру жобасы төрт кезектен тұрады және 16 іске қосу кешенімен қамтылады. Яғни, тұтынушыларды газбен қамтамасыз ету кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Газдандыру жобасы Қарағандымен қатар Теміртау, Шахтинск қалаларында да жүргізілуде. Барлығы 7621 үйге желі тартылып, соның 3442-сі газға қосылды.

Өткен жылы біз ТКШ жаңғырту орталығы арқылы Қарағанды мен Теміртау қалалары бойынша 300 үйді қосуға көмектестік. Биылғы жоспар 400 үй болса, әзірге соның 60-ына газ берілді.

Ал «Күнгей» мен «Таугүл» шағын аудандарына келсек, олар 6-шы іске қосу кешенінің 1-ші кезегіне кіреді. Қазіргі уақытта бұл аудандарда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Қаржыландыруда кедергілер болмаса, екі ауданға 2025 жылы газ беріледі. Халықтың газға неғұрлым тезірек

# Халыққа қызмет – абыройлы міндет

қол жеткізуіне біз өзіміз де мүддfestеліміз.

Негізі, газ тартылған үйлер көбейген сайын, көмір жағатындар саны азайып, бұл қаладағы ауаның тазара түсуіне оң ықпалын тигізеді. Бұл мәселедегі ең үлкен проблемамыз Теміртау мен Балқаштың экологиясы болып отыр. Теміртауды «Қарметтің», Балқашты «Қазақмыстың» өнеркәсіп орындары ластап отырғаны белгілі. Теміртаудағы өндіріске газ тарту мәселесі шешілді, алдағы уақытта қала экологиясы тазара бастайды деп болжап отырмыз. Балқаш комбинатының күкірт қышқылы цехында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу 2025 жылы аяқталады. Содан кейін цехтың ауаны ластауы елу пайызға дейін азаюы тиіс.

Экология мәселесіне келгенде, қоқыс үйінділерін жою, су қоймаларын тазарту, ағаш отырғызу, көгалдандыру жұмыстары да біздің мойнымызда. Бұқпа өзенінің арнасын тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Орталық саябаққа кірер тұсына арнайы сүзгі орнатылып, демалыс орнының су қоймасына таза су кіріп тұратын болады. Саябақтағы су қоймасының өзі сонау 1980 жылдардан бері тазаланбаған екен.

**– Өңірдің медициналық мекемелерін заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету – өте маңызды мәселе. Бұл бағытта жұмыстар жасалып та жатыр. Дегенмен, Қарағанды облысы елімізде онкологиялық дертке шалдыққандардың саны бойынша алдыңғы орындардың бірінде... Мұның себебі аймақтағы экологиялық жағдайдың нашарлығы емес пе?**

– Біздің облыста онкопатологиямен сырқаттанушылықтың жоғары деңгейі мен өсуі, бүкіл әлемдегідей, медициналық ұйымдардың ісікке дейінгі және ісік патологияларын уақытылы анықтау бойынша жұмыстарына байланысты. Ол дегеніңіз – профилактикалық тексерулер, скринингтер және ісік алдындағы патологияны динамикалық бақылау. Айта кету керек, кейінгі үш жылда онкологиялық дерттерді емдеуге болатындай ерте анықтау жағдайлары арта түскен.

Пациенттерді диагностикалау мен емдеу үшін, оның ішінде онкологиялық қызметтер үшін ауруханаларымызды заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз етуге қомақты қаражат бөліп келеміз. Мәселен, бүкіл еліміздегі небары үш томотерапия аппаратының біреуі біздің Қарағандыда. Онкологиялық қызметті дамытудың кешенді жоспары аясында сәулелік терапияға арналған желілік үдеткіш аппараттың тағы да екеуін орнатамыз. Жаңа Химиотерапия орталығы ашылды.

Бір қынжылтатыны, медицина мамандарының айтуынша, аурудың асқынуына бірден-бір себеп – сырқаттардың медициналық көмекке тым кеш жүгінуі. Емханалар скринингке, профилактикалық тексерілуге қанша шақырса да, көпшілік оларды елемейді. Әркім өз денсаулығы үшін анда-санда болса да дәрігерге қаралып тұрса, көп аурудың алдын алуға болар еді.

**– Ермағанбет Қабдулаұлы, қарағандылықтар үшін биыл қала келбетінде қандай өзгерістер болады?**

– Жалпы, мен қаланы дамытуда шет жақ, қалтарыс деп бөлмеймін. Ешқашан жол болмаған, тіпті қарапайым балалар алаңқайы жоқ шеткері аудандарға биыл екінші жыл абаттандыру жұмыстарын жүргізіп келеміз. Балаларды қорғау күні қаланың Пришахтинск тұрғын аумағында заманауи оқушылар сарайын аштық. Майқұдықта да осыған ұқсас құрылыс салсақ деп жоспарлап отырмыз.

Қаланы көркейту жайына келсек, Қазыбек би ауданы бойынша 20 балалар ойын алаңын, Халық қатысатын бюджет жобасы бойынша тағы 20 ауланы, 9 футбол алаңын, Н. Әбдіров даңғылы бойынша үш ауланы кешенді абаттандыру жұмыстарын жүргізіп, жеті саябақты ағымдағы жөндеуден өткіземіз.

Әлихан Бөкейхан ауданы бойынша аула аумақтарын, жаяулар жолын, сәкілер мен қоқыссалғыштарды ретке келтіруді жалғастырамыз. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын 24 жобаның ішінде балалар алаңқайларын, 5 футбол алаңын, 3 баскетбол алаңын, 1 стритбол алаңын жаңғырту, екі шағын саябақты абаттандыру, төрт көшенің тротуарларын ретке келтіріп, жарықтандыру бағандарын орнату жұмыстары бар.

Әлеуметтік маңызы бар нысандар мен контейнерлік алаңдарға кірме жолдарды ретке келтіру бойынша жұмыстар басталды. «Одарешка» мен «Ақжарқын» балабақшаларының кіреберістері мен автотұрақ аймақтарын асфальтталды.

Жалпы қала бойынша жеке сектор көшелерінде, кварталішілік жолдарға және әлеуметтік маңызы бар нысандарға жаңа сыртқы жарықтандыру желілерін орнату жұмыстары жүргізілуде. Қала бойынша барлығы 1000 жарықтандыру бағанын орнату жоспарланған.



Жолдың жайына келсек, қаладағы көше жолдарының жалпы ұзындығы – 923 шақырым. Биыл соның 130 шақырымына жөндеу жұмыстары жасалады. Жол сапасы жоғары болуы үшін Жол активтері сапасы ұлттық орталығымен автожолдарды жөндеу барысында лабораториялық қолдау көрсетуге келісімшарт жасастық. Бұл, әрине, қаладағы автомобиль жолдарының сапасын арттыруға септігін тигізеді.

**– Облысымыздың аумағын басып өтетін қалааралық жолдардың жайы көп сыналады, жол-көлік оқиғалары да жиі...**

– Иә, жол-көлік оқиғаларының деректері мені де алаңдатады. Біздің облысымыз арқылы жалпы ұзындығы 9 мың шақырым транзиттік жолдар өтеді. Жолдардың инфрақұрылымын жақсарту үшін биыл да біраз жұмыстарды қолға алдық. Түрлі деңгейдегі мың шақырымнан астам жол жөнделеді. Оның ішінде: республикалық маңыздағы автожолдар – 461 км; облыстық маңыздағы автожолдар – 178 км; аудандық маңыздағы, түрлі елді мекендердегі автожолдар – 390 км.

Ең бір маңызды аралық – «Қарағанды-Балқаш» тас жолы. Бұл жолдың құрылысы биыл аяқталады. Ол аяқталысымен «Қарағанды-Жезқазған» тас жолын (автобан) қолға аламыз. Ал «Қарқаралы-Қарағанды» тас жолын жөндеу жұмыстары жылына елу шақырым жоспарымен жүзеге асырылуда. Қарқаралыда туризмді дамыту мәселесін шешу шеңберінде бұл жолды жөндеудің маңызы ерекше. Биыл Ақтоғай мен Шет ауданын жалғайтын тас жолды жөндеу жұмыстары да жүргізіледі.



Сонымен қатар, жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында неғұрлым қауіпті деген учаскелерде бақылауды күшейттік. Қарағанды мен Балқаш аралығындағы алты автопатрульге қосымша екі жылжымалы жылдамдық өлшегіші бар тағы да он автопатрульді іске қостық.

Полиция апаттардың себептері мен салдары, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырып, жол қозғалысына қатысушылармен жүйелі жұмыс жүргізеді.

Мүмкіндік болса, көлік тізгіндеген әр азаматқа айтар едім: жол деген ерекше назар мен жауапкершілікті талап етеді. Сақ болыңыздар, белгіленген жылдамдық режимін, жол қозғалысы ережелерін сақтаңыздар. Бұл сіздің ғана емес, жолдағы барлық адамдардың қауіпсіздігі үшін қажет!..

**– Кейінгі жылдары малдың жемшөбін даярлау еліміз бойынша оңайға соғып тұрған жоқ. Осы бағытта да жаңа амалдар қарастыру қажеттігі туындап жүрген сыңайлы. Осы тұрғыдан аймағымыздың өзіндік жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары бар ма?**

– Әрине, жыл сайын малға жемшөп даярлау – аса маңызды міндеттердің бірі. Мал басы артқан сайын, оның азығын даярлауда да жаңаша, неғұрлым тиімді тәсілдер қарастыру қажет. Біз қазір өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға және жемшөп дақылдарының алқаптарын ұлғайтуға күш салып отырмыз. Биыл біз жемшөп егістігінің көлемін 14,6 пайызға арттыруды, жемшөп үшін суарылатын жер көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз.

Қысқа мал азығын әзірлеу жайына келсек, былтыр даярланған шөптің, сүрлем мен пішеннің қоры жеткілікті болды, өңірдегі мал қыстан қиналмай шықты. Алдағы қысқа шамамен 1,9 млн тонна шөп қоры қажет болады деп межелеп отырмыз және сол қажеттілікті қамтамасыз етуге күш саламыз.

Жемшөппен қамтамасыз ету мәселесі облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының тұрақты бақылауында.

Қазір облыс көлеміндегі мал саны түгенделуде. «Сарыарқа» ӘКК арқылы мал өнімдерін өткізу проблемасын шешу жолдарын қарастырудамыз. Нұра ауданында 1200 басқа арналған үлкен сүт-тауар фермасының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Күзде іске қосылатын бұл ферма өзіміздегі сүт өнімдерін даярлайтын кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ететін болады. Әйтпесе, қарағандылық сүт өнімдері кәсіпорындары шикізатпен әлі күнге толық қамтамасыз етілмей келеді. Жан-жақтан сүт жеткізушілер жаз айында табылғанымен, қыста олар азайып қалады, тұрақтылық жоқ. Кәсіпкерлерге субсидия бөліп отырмыз. Кейінгі уақытта министрлік тарапынан бұл саясат өзгеріп, тек қана аз пайызды несие беру мәселесі қарастырылуда.

**– Өндірісті өңір болғандықтан, Қарағанды облысында еңбек қауіпсіздігі заңдары жиі бұзылатын қауіпті объектілер баршылық. 46 шахтер қаза тапқан былтырғы трагедия әлі ұмытылған жоқ. Инвестордың өзгеруі өндірістегі қауіпсіздікке қаншалықты оң әсер етті?**

– Иә, өндірістегі қауіпсіздік – біздің аймақ үшін ең өзекті мәселелердің бірі. «Qarmet»-тің жаңа инвесторы қазір жұмыс орындарында қауіпсіздік тәуекелдерін азайтуға барын салуда. Осы мақсатта өндіріске жаңа технологиялар енгізу, қызметкерлерді қауіпсіздік талаптары бойынша оқыту, еңбек қауіпсіздігінің барлық нормалары мен ережелерінің сақталуын қатаң бақылау тәрізді шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылып отыр.

Шахталарды жетілдіруге әлемнің осы саладағы мықты компаниялары тартылуда. Былтыр қаза тапқан кеншілердің отбасыларына қолдан келгенше жәрдем бердік. Әр отбасына өзім арнайы барып, көңіл айтып, мұң-мұқтаждарын тыңдап, қандай көмек берілетінін түсіндіріп айттым. Әрқайсысына өзімнің телефон номерімді қалдырдым. Мәселелерін қоңырау шалып, айтады, олардың бәрін мүмкіндіктеріме қарай шешуге тырысып жатырмын. Барлығына материалдық, моральдық көмек көрсетілді. Қаза тапқан әр кеншінің отбасына оның он жылдық еңбекақысы көлемінде қаражат төленді. Баспанамен қамтамасыз етілді. Өндіріс орнының жаңа инвесторына қойып отырған ең негізгі талабымыз – еңбек қауіпсіздігі мәселесі.

Барлық өндірістік нысандарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әлі де көп нәрсе істеу керектігі сөзсіз. Бұл мәселе бойынша компаниялармен үнемі ортақ мәмілеге келіп отырамыз. Қай уақытта да өндірістік нысандар қауіпсіздіктің жоғары стандартына сай болуын қамтамасыз етуге ұмтыламыз.

**– Еліміздің ең үлкен индустриялық орталығын, ең ауқымды облыстарының бірін басқару оңай шаруа емес. Өзіңіз күш-қуатты қайдан аласыз, үнемі сергек жүрудің өзіңізге аян қандай сыры бар?**

– Оның ешқандай құпиясы жоқ. Менің бар ойым: үнемі жұмыс бабында болу, халықтың талап-тілегіне құлақ асу және осы өңірімізді өрге бастырсақ деген құлшынысым зор. Осы қызметке келген екі жыл ішінде бір күн де еңбек демалысында болған емеспін. Оның алдында демалып жүретінім де шамалы еді. Күнделікті аз-кем дене шынықтырып, қол тигенде жаттығу залына барамын. Шағын қалаларымызды жаяу жүріп аралаймын. Кабинетте жұмыс жүрмейді. Барып, бәрін өз көзіңмен көрген дұрыс қой.





Сөз соңында тағы бір айтқым келетіні: алда сіздердің, журналистердің кәсіби мерекелеріңіз келе жатыр. Бұқаралық ақпарат құралдарын төртінші билік дейтініміз бекерден емес. Әділдікті қолдаса, ақпарат құралдары – үлкен күш. Кейде бұра тартып, мәселенің байыбына, анық-қанығына бармастан, әлеуметтік желіде жариялай қоятын блогерлер, қарапайым адамдар бар. Тіпті асығыстық танытып, ұшқары пікірге бой алдырып жататын журналистер де жоқ емес. Өзімізден сұраса, мен, мысалы, кез келген журналистпен сұхбаттасуға әзірмін. Жер-жердегі халықпен кездесулерімде де ештеңені жасырмаймын. Барды бар, жоқты жоқ деймін. Қолдан келмейтін істі жасаймын деп ешқашан жалған уәде бермеймін. Жұмыс барысында өзіміздің мәслихат депутаттары бекіткен бюджетке сай жоспарымызды басшылыққа аламыз. Арасында халыққа жағымсыз шешімдер де болады. Мысалы, жылу, су, жолақы тарифтерінің қымбаттауы. Бірақ оның бәрі мәжбүрліктен ғой. Құбырларға, жылу орталықтарына жөндеу жүргізілмесе, жабдықтар, автобустар жаңартылмаса, керек дүниенің бәрі қайдан келеді? Оның бәрін төлей беруге бюджеттің шамасы жетпейді. Сондықтан, бірден байбалам салмай, алдымен әр нәрсенің себебін білу керек. Ынтымақта, бірлікте болайық, халқымызға бірге қызмет жасайық. Халыққа қызмет – абыройлы міндет!

**– Өте орынды сөз! «Ырыс алды – ынтымақ» деген, әр ісімізге береке берсін. Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан
**Қайрат ӘБІЛДА**

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Мемлекет мейірімсіз емес



Сурет ашық дереккөзден

(Соңы. Басы 1-бетте)

### Билік қарап отырған жоқ

«Бізге үй бер» деп кеуде соғып, әкімдіктердің алдында әңгіртаяқ ойнататын масылдық сананы нарықтық сана қашан жеңерін білмейміз. Ештеңені ойлатпас үшін үйіңізді де, күйіңізді де, жұмысыңызды да, тамағыңызды да дайындап қойып, тоғышар қылған кеңестік жүйенің келмеске кеткенін ұғынатындай уақыт, бақандай отыз үш жыл уақыт өтті. Бірақ, сананың жаңаруы баяу екені ара-тұра тұрмыстық деңгейде бой көрсетіп қалады. Үкіметті күстаналап, билікті аяқтағы асқа алғысыз етіп тастау белең алған сол бір жылдардың салқыны әлі де сейілмей тұр. Талай мемлекеттік бағдарламалардың шарапатын күнделікті көріп жүрсек те, соны «көре алмайтын» пиғыл түзелмей жүр. Бұл баспана ісінде де бар.

Мәселен, қазір Қарағанды аймағында тұрғын үй құрылысы тоқтаусыз. Аудан-қалалардың бәрі дерлік үй соғып жатыр. Былтыр облыста 422,666 мың шаршы метр үй салынды. Мұндағы облыс орталығы Қарағанды қаласының үлесі – 83 пайыз. Ал, өткен жылы 547 адамға мемлекеттік пәтер табысталды. Жергілікті билік тарапынан 347 пәтер жалға берілетін үй сатып алынды. Әлеуметтің әлжуаз тобы қатарында тұрған 894 адам қоныстойын тойлады. Нашар көрсеткіш пе? Жоқ.

Оған қоса, өткен жылы жалға берілетін тұрғын үйдің 29 жобасының 11-і аяқталып, пайдалануға берілді. Ол үйлер Қарағандыда, Шахтинскіде, Абайда, Ботақарада, Қарқаралыда, Нұрада, Осакаровта, Шетте бой көтерді. Өңірдің барша қала-ауданы қалыс қалмағанын осыдан-ақ аңғаруға болады. Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін дайын тұрғын үй сатып алынатынын да айту ләзім.

### Бөлінген қаржы да қомақты

Мысалы, 2024 жылға арналған тұрғын үй құрылысына 22,6 млрд. теңге сомасында қаражат көзделген. Оның арасында, әлеуметтің әлсіз тобы үшін дайын жалға берілетін тұрғын үйді сатып алуға 16,7 млрд. теңге, оның – 3,5 млрд. теңгесі – сатып алу құқығынсыз 261 пәтер сатып алу үшін республика бюджетінен бөлінген трансферттер. Ал, 13,2 млрд. теңге – сатып алу құқығымен 857 пәтерге арналған «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ несие желісі. Кредиттік тұрғын үй құрылысындағы 8 жобаға 3,9 млрд. теңге қарастырылған.

Былтыр дайын жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу үшін бастапқы және қайталама нарықтардан 346 пәтер сатып алуға – 3,3 млрд. теңге бөлінген. Оның 2,1 млрд. теңгесі – республикалық бюджеттен, 1,2 млрд. теңгесі – Ұлттық қордан. Әлеуметтің осал тобы үшін осылайша 347 жалға берілетін пәтер сатып алынды. Биылғы меже 500 мың шаршы метр көлеміндегі тұрғын үй.

Мұның ішінде, коммерциялық тұрғын үй 69 пайыз – 345 мың шаршы метр, мемлекеттік тұрғын үй 23 пайыз – 115 мың шаршы метр, жеке тұрғын үй 8 пайыз – 40 мың шаршы метр шамасында. Бұл арада берілер үйдің 78 пайызы – Қарағандыда.

Халықтың әлеуметтік осал тобының санатындағы кезекте тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы 1952 пәтерді пайдалануға беруді көздейді құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы. Оның 375 пәтері – жалға берілетін тұрғын үй, 1118 пәтері – тұрғын үй сатып алу, 459 – кредиттік пәтер. Осы өткен бес айда 222 мың шаршы метр баспана иелерін табады.

### Мүмкіндік мол

Оған қоса, қазіргі таңда құрылыс компаниялары жаңа үйлерді мемлекеттің 7-20-25 бағдарламасы бойынша тұрғындарға ұсынуға әзір. Дәл бүгінде Қарағанды қаласының басында құрылыс жүргізіп, ендігі үйі дайын компаниялар жеңілдетілген ипотекалық несиеге сатуға ықтиярлы.

Бұдан бөлек, «Отбасы банк» үй құнының жартысын жинақтағанға төмендетілген несие беруге құлшынып-ақ отыр. Тек жинақталған уақыт маңызды. Бұрынғыдай екінші деңгейлес банктердің 22 пайыз көлеміндегі ипотекасына да ешкім тыйым салған жоқ.

Мұның сыртында Қарағанды облысының жергілікті билігінің кеншілерге, металлургтерге арналған, жас мамандарға бағытталған төмен пайыздық несие бағдарламалары тағы бар.

Қарап отырсаңыз, әрекет қылғанға берекет бар. Бұдан он жылмен салыстырғанда қазір үй алудың мемлекет тарапынан жасалып жатқан мүмкіндік мол. Сондықтан да, отыра қалып, мемлекетті, Үкіметті жерден алып, көкке салатын масылдық пиғылдан арылу – шарт.

### Түйін

Шағын шолуда аймақтағы баспана құрылысының мән-жайына аз-кем үңіліп, барды бар деп, жоқты жоқ деп көрсетуге тырыстық. Өйткені, барды бағамдай білу де – парасаттылық.

Жасалған жақсылық тек жетесіңіздің ғана жетесіне жетпейді. Мемлекет анау айтқандай мейірімсіз емес. Әрине, кем-кетік жоқ емес. Дегенмен, объективті пікір де қажет-ақ.

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Ұлтымның байрағы – жұртымның айбары

**Балқаш қаласында Мемлекеттік Рәміздер күні мерекесіне орай кең көлемді шара өтті. Қаланың патриоттық жастарының қатысуымен Ағыбай батыр атындағы Оқушылар сарайының алдынан бастау алған «Менің Туым – менің мақтанышым» атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын ұстаушылар шеруі «Жастар» сквері алаңындағы үлкен сахнада патриоттық акциямен жалғасын тапты.**



**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара барысында егемендігіміздің басты нышаны – Рәміздердің маңыздылығы жас ұрпаққа дәріптелді. Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжі студенттері, «Ветерок» үлгілі хореографиялық ансамблі, «Микс шоу», «Аяла», «Айдарья» би ұжымдары сахна алдында «Менің туым» атты флешмоб орындап, би әуенінің ырғағында еліміздің Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы әкелініп, Мемлекеттік Гимні шырқалды.

Балқаштықтарды шаһар басшысы Сапар Сатаев мерекемен құттықтап, егемен еліміздің бірлігі мен берекесін нығайтуда игілікті істері мен тәуелсіз Қазақстан құру жолында сіңірген еселі еңбек еткен ел азаматтарын қала әкімінің Алғыс хаттарымен марапаттады.

– Мемлекеттік рәміздер халқымыздың биік рухын айқындайтын айрықша құндылық. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы үшін біз өз елімізді, туған жеріміз бен Отанымызды ардақ тұтуымыз қажет. Оның ең алғашқы қадамы Мемлекеттік Рәміздерді құрметтеуден басталады. Бүгінгі акция біздің балқаштықтардың Мемлекеттік Рәміздерге деген мақтанышын, патриоттық сезімін асқақтата түседі, – деді қала әкімі Сапар Сатаев.

Бұдан кейін қала басшысы мереке аясында Орал қаласында орын алған табиғи апат – су тасқынының салдарын жоюға қатысып, азаматтық ұстаным танытқаны үшін «Балқаш Су» ЖШС-нің және «Балқаш Жылу» ЖШС-нің жүк көтеру экскаваторының жүргізушілері Еркінбай Смайлов пен Әуелхан Қапасты Алғыс хатпен марапаттады. Сондай-ақ, қала әкімінің Алғыс хаттары қаламыздың әлеуметтік проблемаларын шешу жолындағы іс-шараларға және республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсене қатысып, биік азаматтық ұстаным танытқан волонтерлер мен белсенді азаматтарға да табысталды.

Олар: Балқаш сервис колледжінің студенттері Нұрсәт Айтжан мен Ақерке Тілекқабыл, Балқаш медицина колледжінің студенттері Мадина Бекетова, Аяулым Рыспай және Гүлзат Алдамұратова, Халық Қаһарманы Р.Қошқарбаев атындағы Балқаш техникалық колледжінің студенті Әлібек Әбен, Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бағдарламашысы Андрей Наточев, Қоңырат шағын ауданының белсенді волонтері, «Балқаш» қалалық спорт клубының жаттықтырушысы Ержан Асқаров, Балқаш қаласы мәдени-сауық орталығының электригі Дархан Ықыласбеков.

Патриоттық акцияның соңы Қарағанды облыстық филармониясының әншісі, республикалық конкурстардың лауреаты Алмаз Құттыбайдың, мәдени-сауық орталығының әншілері Индира Балкееваның, Ерқанат Сәдуақасовтың, Аманжол Шаймерденов және басқа да өнерпаздардың қатысуымен ұйымдастырылған мерекелік концертке ұласты.

Сондай-ақ, мерекелік шара түстен кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күніне арналған автошеру және «Жастар» скверінің бас сахнасында «Патриотизм дауысы» атты мерекелік концерттік бағдарламасымен жалғасты.

**БАЛҚАШ**

Суретті түсірген
**Қуандық МАҚСҰТҰЛЫ**

● СЕМИНАР

# Тегеурінді күрес қажет

**Төтенше жағдайдың алдын алу жүйелі жұмысты талап етеді. Оған мемлекеттік органдардан бастап, қарапайым азаматтар да – мүдделі. Келер қауіптен арылудың бір жолы – тиісті ережелерді ескеру. Осы орайда «Терроризмге қарсы комитет» РҚБ өкілдігінің ашылуына байланысты семинар өтті.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық қауіпсіздік қызметінің полковнигі Аманжол Оразбаев білім беру мекемелері басшыларымен өткен жиында террористік шабуыл, кепілге алу және қарулы адамдардың террористік тұрғыдан осал нысандарға ену қаупі кезіндегі жедел рәсімдерді талқылады.

Полковниктің айтуынша, адам қателіктері төтенше оқиғаларға себеп болады. Мәселен, қоғамдық төтенше жағдайлар, әсіресе, террорлық шабуылдар мен зорлық-зомбылықтың басқа түрлері әсер етуі мүмкін. Азаматтық толқулар, демонстрациялар және әлеуметтік наразылықтың басқа түрлері бақылаудан шықса, қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Дағдарыс жағдайында байланыс және ескерту жүйелерін жақсарту үшін заманауи технологияны барынша қадағалау – маңызды.

– Мәселен, мектеп ғимаратына «қойылған бомба» (түтін немесе басқа төтенше жағдай) туралы хабарлама келді делік. Оқыста, басына іс түскенде абдырап қалатын басшылар да бар. Мектеп басшылары төтенше жағдайлар жоспары бойынша адамдарды эвакуациялап, барлық оқушыларды шартты жерде жинауды және бақылауды қамтамасыз етіп, құқық қорғау органдарын хабардар етуі тиіс. Сондықтан, халықты ақпараттандыра отырып, оқыту маңызды. Азаматтарды төтенше жағдайларда аман қалу негіздеріне үйрету арқылы төтенше жағдайлардың алдын алуға болады, – дейді Аманжол Оразбаев.

Айта кеткен жөн, «Терроризмге қарсы комитет» 2016 жылы Қазақстан жиі кездесетін террористік қауіп-қатерлерге жауап ретінде құрылған. Комитет құрамы запастағы полковник Аманжол Оразбаевтың басшылығымен жоғары білікті мамандардан жасақталған.

Полковник комитетті құру барысында ол ұлттық қауіпсіздік органдарында 25 жылдан астам уақыт бойы терроризмге, есірткі трафигіне қарсы күрес мәселелерімен айналысқан бай тәжірибесіне сүйенді. Сондай-ақ, аталған қатерлерді азайту мақсатында өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелеріне көңіл бөлген.

Семинарда сондай-ақ, төрағаның орынбасары, БҰҰ Терроризмге қарсы басқару мінез-құлықты талдау Академиясының түлегі, саяси кеңесші Ассоль Мирманова ақпараттық қауіпсіздік және насихат саласында әңгіме өрбітті.

● БАЙҚАУ

# Таланттар танымындағы табиғат бояулары

**Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында «Коунрад» корпоративтік қоры құрылтайшылармен – «Сары Қазына» ЖШС және «Медная компания Коунрад» ЖШС бірлесіп экологиялық акция өткізді.**



**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қор қызметкерлері Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 мектеп және №3 мектеп оқушылары арасында «Менің жасыл әлемім» тақырыбында сурет байқауын ұйымдастырды. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылар арасында экологиялық мәдениетті, әлеуметтік және экологиялық жауапты азаматтарды тәрбиелеу.

Ұйымдастырушылар сурет байқауынан бұрын Балқаш өңірінде «Қызыл кітапқа» енген жануарлар, құстар туралы айтып, оларды қорғау қажеттігін атап өтті. Олар дала қызғалдақтарын, оның ішінде, олардың Балқаштың символына айналғандығын, гүлдердің нәзіктігіне, оларды қорғауға мұқтаж екендігіне ерекше тоқталды.

Қылқалам шеберлері белсене қатысқан «Менің жасыл әлемім» байқауының салтанатты марапаттау шарасы Қоңырат мөлтек ауданындағы қос білім ұясында өтті. Бұл байқау балаларға қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін ескертеді, болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстар мен табиғат байлығын сақтауға қызықтыра отырып, өз ойларын ашық, көркем түрде білдіруге мүмкіндік берді. Қатысушылар екі жас ерекшелігі бойынша бақ сынасты. Жалпы, 115 жұмыс қабылданып, жүзден жүйрік 12 жұмыс жеңімпаз атанды.

Жеңімпаздарға құттықтау сөзін жеткізген «Коунрад» корпоративтік қорының Президенті Ник Ширли табиғатты қорғау – адамзаттың борышы екендігін атап өтті.

– Табиғатты қорғау қарапайым дүниеден басталады деп ойлаймын. Мәселен, жас ұрпақты табиғатты қорғауға тәрбиелеу ұлттық негіздегі мектептен басталады. Табиғат пен қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын ұғындыру, жалпы халықтың экологиялық сауатын ашу, жастарға үздіксіз білім беру нәтижесінде ғана шешіледі. Біз бәріміз де – табиғатты қорғауда, сақтауда және оны дұрыс пайдалануда ұрпақ алдында, тарих алдында жауаптымыз. Бүгінгі оқушылардың суреті біз нұсқаған тақырыпты ашқандығына қуаныштымын, – деді Ник Ширли.

№3 мектептің 1-5 сынып оқушылары арасында І орынға Бақдәулет Дәулетбек, ІІ орынға Аружан Дәулетова, ІІІ орынға Амина Лекасова, Кира Мухитова, Замир Есембеков тұрақтады. 6-10 сыныптар арасында І орынды Нұрали Төлеуғазы, ІІ орынды Жанель Халий иеленді. Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 мектептің 1-5 сынып оқушылары арасында І орынды Айзере Мэденят, ІІ орынды Ақерке Ерболатқызы, ІІІ орынды Али Қуанышұлы мен Каусар Еркін иемденді. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларының ішінде Айша Сәдуақасқызы топ жарып, І орынды еншіледі. Жеңімпаздарға дипломдар мен JBL фирмасының сымсыз құлаққаптары, Қор логотипі бар фирмалық рюкзактар табысталды. Сондай-ақ, барлық қатысушыларға «Қазақстан» шоколады таратылды.

**БАЛҚАШ**

*Сурет ұйымдастырушылардан*

## Құттықтаймыз!



Нұркен ауылының тұрғыны, отбасымыздың алып қорғаны, шаңырағымыздың қара нары, асқар тау ардақты әкемізді, ақылшы атамыз **Жеңіс Жұманбайұлы КӨПЖАСАРОВТЫ** мерейлі 80 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Ерте есейіп, еңбекке араласып, халыққа қалтқысыз қызмет етті. Аумалы-төкпелі заманда ел іргесінің бүтіндігіне баса назар аударды. Алдына келген адамдардың мұңын тыңдап, мұқтажына қолғабыс берді. Әкім болды, халқына жақын болды.

Әр уақытта қажымай-талмай өз ортаңыздың қадірменді ақсақалы, өз перзенттеріңіздің арасында өнегелі ақсақал, тәлімді ақылшы болып аман-есен жүре беріңіз. Сіздің өмірлік бай тәжірибеңіз бүгінгі жас буын үшін де әрдайым қажетті әрі қастерлі құндылық бола бермек.

Қиясына өмірдің өрлеп көрді,
Ел-жұрты үшін ерінбей еңбектенді.
Ортамызда ақылшы қариямыз,
Сеңгіріне сексеннің сергек келді.

Еркелетіп немере, шөберсін,
Кәрілікті атамыз елемесін.
Үрім-бұтақ, ұрпағы құттықтаймыз,
Тіршіліктің қызығын көре берсін.

Ізгі тілекпен: жұбайы – **Дина**, балалары – **Ләззат, Тоқтар-Гүлжан, Данияр, Мадияр-Сұлушаш, Ғалымжан-Назым, Бақтияр-Фариза** және **немерелері-шөберелері.**

т/б

● ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ

# Үшінші сатыға тұрақтады

**Алматы қаласында «Дене шынықтыру» пәні бойынша 5-6, 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиада өтті. Байқауға әр өңірден 170-тен астам оқушы қатысты. Қарағанды облысының құрама командасы жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болды.**



Жеке есепті жүлделі орындарға біздің үш оқушымыз Алина Склюева мен Матвей Погорелов екінші, Мансұр Тайлақов үшінші орын иеленді.

Футбол, баскетбол, волейбол, жеңіл атлетика және гимнастикалық жаттығулар жарысынан тұратын олимпиада теорияны да қамтиды. Олимпиадаға қатысушылар ептілікті, жылдамдықпен допты игеру дағдыларын және т.б көрсетуі қажет.

Шахтинск қаласында өткен Республикалық олимпиада алдында мектепаралық турнир өтті. Балалар үздік нәтижелері бойынша іріктеліп алынды. Турнирден соң жас спортшылар екі апта бойы жарысқа дайындалды.

– Олимпиада балдық шкаламен бағаланды. Қатысушыларға ұпайлар беріліп, ең мықтысы анықталды. Барлығы ашық түрде. Біз үшінші орынға ие болдық. Олимпиадаға қатысушылар футболшылар, баскетболшылар, волейболшылар, сондай-ақ, гимнасттар мен жеңіл атлеттер болуы тиіс. Біз жеңіл атлетика мен теориядан екінші орын алдық, – деді Қарағанды командасының жетекшісі, Шахтинск қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-гимназиясының педагог-зерттеушісі Альфия Ольхова.

**Дарина САМЕН,**
**Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің II курс студенті**




Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Ⓡ

Қарағанды облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 27 мамырдағы ұйғарымымен «Құлан-Көмір» ЖШС оңалту туралы іс қозғалды (БСН 060840006761). Шағымдар Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 50 мекенжайы бойынша қабылданады.

Определением от 27 мая 2024 г. Специализированного межрайонного экономического суда Карагандинской области возбуждено дело о реабилитации ТОО «Құлан-Көмір» (БИН 060840006761). Претензии принимаются по адресу г. Алматы, ул. Мынбаева, 50.

№134

## Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС 2024 жылғы **18 шілдесі сағат 15:00-де** Қарағанды облысы, Ақтау кенті, Карл Маркс көшесі, 5 КДО Мәдениет үйі мекенжайы бойынша жобаларды қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарланғанын хабарлайды:

1. «Нұрқазған кен орнының Батыс және Шығыс учаскелерін жерасты тәсілімен өнімділігі жылына 4,0 млн тонна игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасының «ҚОҚ» бөлімі;

2. 2024-2030 жылдарға арналған «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС – «Қарағандытүстімет» ӨБ филиалының «Нұрқазған» кенішінің атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары (ЖБШН) нормативтерінің жобасы;

3. Нұрқазған кен орнының I санатты объектілері үшін қалдықтарды басқарудың 2024-2030 жылдарға арналған бағдарламасы.

Әсер ету аумағы және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін аумағы: Қарағанды облысы, Ақтау кенті, географикалық координаттары:

| Бұрыштық нүктелер нөмері | Географикалық координаттар | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Солтүстік ендік | | | Шығыс бойлық | | |
| | Гр. | Мин. | Сек. | Гр. | Мин. | Сек. |
| 1 | 50 | 14 | 12 | 73 | 03 | 46 |

**Учаскенің географикалық координаттары:**

| Бұрыштық нүктелер нөмері | Географикалық координаттар | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Солтүстік ендік | | | Шығыс бойлық | | |
| | Гр. | Мин. | Сек. | Гр. | Мин. | Сек. |
| 1 | 50 | 09 | 14,53 | 72 | 59 | 10,86 |
| 2 | 50 | 09 | 31,91 | 72 | 59 | 45,33 |
| 3 | 50 | 10 | 04,66 | 73 | 00 | 07,25 |
| 4 | 50 | 09 | 25,50 | 73 | 00 | 20,56 |
| 5 | 50 | 09 | 15,97 | 73 | 01 | 45,12 |
| 6 | 50 | 08 | 39,26 | 73 | 01 | 45,12 |
| 7 | 50 | 08 | 16,04 | 73 | 01 | 22,49 |
| 8 | 50 | 08 | 12,79 | 73 | 00 | 19,30 |
| 9 | 50 | 08 | 41,98 | 73 | 00 | 06,31 |
| 10 | 50 | 08 | 57,46 | 72 | 59 | 31,25 |

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Рамазанова Р.Б., тел.: 8 (7172) 55 76 65 (ішкі нөм.10136), эл.мекен-жайы: Radmila.Ramazanova@kazakhmys.kz.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 060641009902. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекен-жайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары төмендегі сайтта орналастырылған: ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ecoportal.kz сілтемесі бойынша, эл. мекен-жайы expertiza.upr_krg@mail.ru және пошталық мекенжайы: Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекен-жай бойынша және тел. нөм. 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

Бейнеконференцияға онлайн қосылуға сілтеме:

https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m756f96282a7f4cd03e460ebeac793b2a

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2529 124 3649

Жиналыс құпия сөзі: 123456zZ

## Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что **18 июля 2024 года в 15:00 часов** по адресу: Карагандинская область, п. Актау, дом культуры КДЦ ул. Карла Маркса, 5 планируется проведение общественных слушаний по рассмотрению проектов:

1. Раздел «ООС» проекта «План горных работ отработки участков Западный и Восточный месторождения Нурказган подземным способом производительностью 4,0 млн т. в год»;

2. Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) рудника «Нурказган» филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» - ПО «Карагандацветмет» на 2024-2030 годы;

3. Программа управления отходами для объектов I категории месторождения Нурказган на 2024-2030 годы.

Территория воздействия и территория, на которой будут проведены общественные слушания: Карагандинская область, п.Актау, географические координаты:

| Угловые точки | Координаты угловых точек | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Северная широта | | | Восточная долгота | | |
| | Гр. | Мин. | Сек. | Гр. | Мин. | Сек. |
| 1 | 50 | 14 | 12 | 73 | 03 | 46 |

**Географические координаты участка:**

| Угловые точки | Координаты угловых точек | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Северная широта | | | Восточная долгота | | |
| | Гр. | Мин. | Сек. | Гр. | Мин. | Сек. |
| 1 | 50 | 09 | 14,53 | 72 | 59 | 10,86 |
| 2 | 50 | 09 | 31,91 | 72 | 59 | 45,33 |
| 3 | 50 | 10 | 04,66 | 73 | 00 | 07,25 |
| 4 | 50 | 09 | 25,50 | 73 | 00 | 20,56 |
| 5 | 50 | 09 | 15,97 | 73 | 01 | 45,12 |
| 6 | 50 | 08 | 39,26 | 73 | 01 | 45,12 |
| 7 | 50 | 08 | 16,04 | 73 | 01 | 22,49 |
| 8 | 50 | 08 | 12,79 | 73 | 00 | 19,30 |
| 9 | 50 | 08 | 41,98 | 73 | 00 | 06,31 |
| 10 | 50 | 08 | 57,46 | 72 | 59 | 31,25 |

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Рамазанова Р.Б., контакты: тел. 8 (7172) 55 76 65 (вн.10136), эл.адрес: Radmila.Ramazanova@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecoportal.kz, на эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru и почтовый адрес: г. Караганда, ул. Лободы 20 в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

Ссылка на онлайн подключение: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m756f96282a7f4cd03e460ebeac793b2a

Номер совещания (код доступа): 2529 124 3649

Пароль совещания: 123456zZ

Ⓡ

# Отчет ТОО «AlemGaz» об исполнении тарифной сметы за 2023 год

## Характеристика компании

ТОО «AlemGaz» зарегистрировано в качестве хозяйствующего субъекта 14.10.2005 года и приступило к деятельности на рынке газоснабжения г. Караганды с января 2006 года. Приказом ГУ «Управления по тарифам Карагандинской области» № 32-ОД от 15.02.2006 г. включено в местный раздел Государственного регистра СЕМ. Компания обслуживает:

| Адрес | Кол-во ГРУ | Газопроводы всего , пм |
|---|---|---|
| Ленинский район | 118 | 36 346 |
| Советский район | 101 | 28 633 |
| Октябрьский район | 40 | 14 592 |
| Кировский район | 2 | 754 |
| Железнодорожный р-н | 15 | 7 137 |
| Всего по Караганде | 276 | 87 462 |

| "Утвержденный тариф на 5 лет и временный компенсирующий тариф с 01.10.2023 по 01.10.2024, тенге/кг | Принято в ТС на 2023 год, тенге/кг | Объем оказываемых услуг в ТС, тыс. кг | Фактический объем оказываемых услуг, тыс. кг |
|---|---|---|---|
| 83,2-79,86 | 64,52 | 2 549,79 | 2 406,46 |

## Основные финансово-экономические показатели

| Наименование показателей | 2023 год |
|---|---|
| Коэффициент автономии (СК/СА) | 0,2 |
| Коэффициент рентабельности продаж. | 0,36 |
| Рентабельность по чистой прибыли. | 0,1 |
| Коэффициент оборачиваемости ДЗ в днях. | 8,9 |
| Коэффициент оборачиваемости КЗ в днях. | 3,9 |
| Коэффициент текущей ликвидности | 12,56 |
| Коэффициент быстрой ликвидности | 0,6 |

## Постатейное исполнение тарифной сметы, тыс.тенге

| Наименование показателей | Утверждено в тарифе | Факт 2023 год | отклонения в % |
|---|---|---|---|
| Затраты на производство товаров и предоставление услуг всего | 151 731,79 | 179 555,00 | 18% |
| Материальные затраты | 12 465,98 | 14 156,40 | 14% |
| Затраты на оплату труда ППП и налоги | 95 037,08 | 110 273,26 | 16% |
| Амортизация основных средств | 4 145,36 | 2 601,65 | -37% |
| Ремонт | 14 428,96 | 19 075,05 | 32% |
| Услуги сторонних организаций производственного характера | 15 622,88 | 20 778,65 | 33% |
| Прочие затраты | 10 031,53 | 12 669,99 | 26% |
| Расходы периода, всего | 12 773,73 | 14 147,22 | 11% |
| Затраты на оплату труда АУП и налоги | 10 084,93 | 9 849,75 | -2% |
| Амортизация | | 188,55 | |
| Налоговые платежи и сборы | 237,67 | 411,07 | 73% |
| Командировочные расходы | | 94,08 | |
| Коммунальные услуги | 29,08 | 31,22 | 7% |
| Услуги связи | 109,36 | 145,01 | 33% |
| Услуги банка | 486,01 | 293,97 | -40% |
| Другие расходы | 1 826,68 | 3 133,59 | 72% |
| Всего затрат | 164 505,52 | 193 702,22 | 18% |
| Прибыль | | -38 444,07 | |
| Всего доходов | 164 505,52 | 155 258,15 | |
| Объем оказываемых услуг, тыс.кг | 2 549,79 | 2 406,46 | |
| тыс.тенге | 119 576,68 | 112 296,84 | |
| Тариф (цена, ставка сбора) (без НДС),тенге/кг | 64,52 | 80,49 | |

***Справочно:***

| | | |
|---|---|---|
| среднесписочная численность работников всего, человек | 55 | 49 |
| производственного персонала | 51 | 46 |
| административного персонала | 4 | 3 |
| Среднемесячная заработная плата всего, тенге | 142 921 | 183 792 |
| производственного персонала | 139 358 | 179 662 |
| административного персонала | 188 348 | 247 109 |

## Исполнение ремонтной программы

| Утверждено в тарифной смете,тыс. тенге | Факт 2023, тыс.тенге | Отклонение % |
|---|---|---|
| 14 428,96 | 19 184,23 | 33% |
| | | |
| Наименование видов ремонтов | Факт за 2023г | В т.ч. транспортировка газа через ГРУ |
| Материалы для текущего ремонта автомашин | 184 086 | 77 303 |
| Обслуживание ВДГО (материалы) | 1 485 847 | 1 485 847 |
| Рем.-сервисное обслуживание машин | 2 365 433 | 1 265 741 |
| Ремонт ГРУ (материалы) | 9 692 278 | 9 559 368 |
| Ремонт баллонов (материалы) | 397 395 | 59 609 |
| Ремонт и замена ветхого газопровода | 6 421 964 | 6 421 964 |
| Ремонт оборудования (материалы) | 99 241 | 14 886 |
| Ремонт оборудования ГНС (материалы) | 1 061 326 | 159 199 |
| Ремонт цехов (материалы) | 66 829 | 36 344 |
| Ремонтно-строительные работы (материалы) | 147 045 | 22 057 |
| Сантехнические работы (материалы) | 9 821 | 1 473 |
| Ремонт оргтехники | 533 300 | 79 995 |
| Ремонт измерительных приборов | 2 951 | 443 |
| Всего, тенге: | 22 467 516 | 19 184 229 |

## Информация о реализации инвестиционной проекта за 2023 год в разрезе источников финансирования, тыс.тенге

| Наименование мероприятий | Ед.изм. | Количество | Сумма инвестпрограммы | | Собственные средства |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | План | Факт | Амортизация |
| Капитальные ремонты увеличивающие стоимость | установка | 1 | 4 145,36 | 4 451,4 | 4 451,4 |

№124

# Қарағандыдағы тұңғыш опера

**Қазақ қауымына аты мәшһүр ұлы композитор, Қазақстандағы опера өнерінің негізін қалаушы КСРО Халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орай Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрында «Айсұлу» комедия операсы сахналанды. Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайынның қатысуымен өткен қойылымға аймақтың зиялы қауым өкілдері де тамашалады.**






*Жан* **АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Расында, «Айсұлу» операсы – қазақ музыкалық театр тарихындағы алғашқы күлкілі опера. «Нано-Опера» V Халықаралық жас опера режиссерлері байқауының лареаты, режиссер Еренбақ Тойкеновтың айтуынша, опера оқиғасы өткен ғасырдың орта шенінде Қазақстанда болған.

– Спектакльдің сюжеті өмірден өз орны мен махаббатын іздеген жастар тағдырына құрылған. Операның басты кейіпкерлері бір-бірін жақсы көретін қос ғашықтар – Айсұлу мен Серке. Серке – албырт көңілі алып ұшқан, ширақ әрі қызғаншақтау бозбала. Оның алғашқы оқиғасы Хасен деген досының кандидаттық диссертация қорғауын мерекелеу барысында аққайнарға мас болғандығынан бастау алады. Оқиға желісі үлкен өмірге қадам басқан жастардың өміріне негізделген, – дейді режиссер.

Қуандық Шаңғытбаев пен Қанабек Байсейітовтің қазақ жастарының өміріне негізделген либреттосы қаншалықты әзілмен өрілсе де, шынайы өмірге тым жақын көрінеді. Алғашқы сезім, бойды алаулатқан қызғаныш оты, қыз көзіне түсуге асыққан жас жігіттің күйіп-пісуі барлығы осы бір картина айналасында көрінеді. Айсұлу рөлін сомдаған Маржан Булానованың өнерін атап өткен жөн. Бір көрмеге ұяң әрі сыпайы, қарапайым қыздың тік мінезін, айтқанынан қайтпайтын қазақ қызына тән қайсарлығын ерекше ашты деп айтсақ, артық емес.

«Айсұлу» операсының премьералық қойылымы 1964 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында жүзеге асырылды. Содан бері бұл опера – көрермендер көңілінен ерекше орын алды. Операның ең қызық тұсы Серкенің қызғанышынан туады. Қос ғашық Айсұлудың сұлулық байқауына қатысқысы келетіндігі үшін жанжалдасады. Тап осы бір шақта екеудің сезімі таразыланып, сыналады.

Жалпы, музыкатанушылар С.Мұхамеджанов шығармашылығына вокалды жанр жақын екенін алға тартады. Мәселен, 1958 жылы Мәскеуде өткен Қазақ өнерінің онкүндігінде айтулы композитордың оркестрге арналған концерті оның әуендік стилінің әр қырын ерекше көрсетіп, тыңдармандарын тәнті етіпті. Ал, композитордың 1964 жылы жазған «Айсұлу» атты комедиялық операсы сол кезде туған қазақ музыкасының шоқтығы биік шығармасы атанды. Бұл туындының сахналануы ұлттық опера өнеріндегі маңызды оқиға саналды. Сыдық Мұхамеджанов «Айсұлу» операсын талантты опера әншісі, Қазақстанның Халық әртісі Айсұлу Байқадамоваға арнап жазған. Айсұлудың өзі осы операда «Айсұлу» партиясын орындап, жұртшылықтың жоғары бағасына ие болған.

Көрнекті композитор опера арнаған Айсұлу Байқадамова кім? Қазір бұл әншінің есімін ересек адамдар болмаса, кейінгі жастар біле қоймайды. Өмірден өткеніне де отыз жылдың мұғдары болса да, талантты әншінің өнердегі ізі ұлттық опера тарихында мәңгі қалды. Ал, «Айсұлу» операсы – әншінің танылуына үлес қосқан бірден-бір жоба.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

● БАЙҚАУ

# Сарбаздардың білім сайысы

**Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдерінде өзге этнос өкілдері арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» сайысының екінші кезеңі өтті. Оған Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Қарағанды облысынан жалпы 7 әскери қызметші қатысты.**




– Биыл өңірлік қолбасшылығының аумағында байқаудың екінші кезеңі өзгеше онлайн форматта өтуде. Талапқа сай әр қатысушы үш тапсырма орындауы тиіс болған. Қазылар алқасы әр жауынгердің қазақ тілінде қаншалықты емін-еркін сөйлеуі мен сахна мәдениетіне назар аударып, әділ бағалайды, – деді Орталық өңірлік қолбасшылығының тәрбие басқармасының мемлекеттік тілді енгізу жөніндегі аға офицері, капитан Медет Жексенай.

Алғашқысы «Таныстыру» болса, екіншісі қазақ тілінде өзі білетін мақал-мәтелді жатқа айтып, үшінші айналымда белгілі ақынның бір өлеңін оқыды.

Қазылар алқасы әр қатысушының жеке дайындығын, сөйлеу мәдениетін, ақпаратты толық жеткізе білуін және де қазақ тілінде таза сөйлеуіне мән берді.

Әр жауынгер намысқа тырысып, бірінен-бірі асуға тырысты. Онлайн режимде өтсе де, өнерін паш ету үшін барынша бейнежазбаның дауыс ырғағына дейін шебер жеткізуге барын салды.

Жүлделі III орынды 5516 әскери бөлімінен қатардағы жауынгер Виталий Телятникке (Теміртау қаласы), II орын 6697 әскери бөлімінің ефрейторы Андрейге Застешкоға (Қостанай қаласы) бұйырды. Ал, 5510 әсери бөлімінің сарбазы, ефрейтор Сергей Лукьянов (Көкшетау қаласы) оза шауып, екінші кезеңнін жеңімпазы атанды.

Бұдан бөлек, 6505 әскери бөлімінің қатардағы жауынгері Сергей Ромашев, 6637 әскери бөлімінен аға сержант Дмитрий Буков, 3517 әскери бөлімінің қатардағы жауынгері Евгений Давлетов және 5451 әскери бөлімінің қатардағы жауынгері Владислав Мартын жеке аталым бойынша марапатталды.

Екінші кезеңнің жеңімпазы қыркүйек айында Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы ұйымдастыратын үшінші кезеңде республикалық деңгейде «Орталық» өңірлік қолбасшылығының намысын қорғайды.

Бұған дейін де «Орталық» өңірлік қолбасшылығының жеке құрамы осы сайыстың үшінші кезеңінде жеңіске жеткен. Қарағандылық 6505 әскери бөлімінен кіші сержант Владислав Горизанов, 2023 жылы Қостанайлық 6697 әскери бөлімінің маманы қатардағы жауынгері Кирилл Пономаренко бас жүлде иеленген. 2024 жылғы сәуір айында қатардағы жауынгер Кирилл Пономаренконы мемлекеттік тілді дамытуға қосқан үлесі үшін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі «Шапағат» медалімен марапаттаған еді.

**Өз тілшімізден**

● ЖАЗ ҚЫЗЫҚТАРЫ

# Жайдарлы жазғы демалыс

**Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының қызметкерлері Теміртау қаласының мектеп жанынан ұйымдастырылған жазғы лагерь және жаздық демалыс кезінде бала-бақша балалары үшін түрлі танымдық, оқыту, дамыту ойындарын құрастырған арнайы бағдарлама әзірледі.**

Жаз – ең керемет уақыт. Әр бала әрқашан жазғы демалысты асыға күтеді. Жайраңдаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз.

Біздің Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы Теміртау қаласының мектептерінің жанындағы ұйымдастырылған екі аусымдық жазғы лагерінің көңілді өтуіне арналған асық ату, бес асық, арқан тарту, қол күресі секілді «Ұлттық ойындар» бойынша сайысты, «Әлем музейлері», «Бақытты балалық сәт», «Қазына іздеу» атты зияткерлік ойындар ұйымдастырды.

Сондай-ақ, мектеп балаларының қауіпсіздігіне байланысты «Сен оны білуге тиіссің!» атты жоба бойынша Теміртау қаласының жол полициясы, жедел жәрдем, төтенше жағдай қызметі мамандарымен дәрістік кездесулер өткізді. Олардың ішінде, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары да қамтылды. Осылайша лагерьдің әрбір күні сәнді де, мәнді өтуде.



Бұл тұста балалардың демалыстарын тамаша өткізуіне үлес қосқан осы орталық қызметкерлерінің еңбектерін айта кеткен жөн. Себебі, балалардың көңілді демалып жатқандығы жүздерінен көрініп тұрды. Балалардың саналы да сапалы демалуына барлық жағдайлар жасалған. Лагерьде асыр салған көңілді балалар бір-бірімен достасып та үлгерген. Көңілді демалыс балалардың жанын әнге, сыңғыр күлкіге тойдырып, күн сайын қызықты сайыстар мен думанды кештер өткізу дәстүрге айналған.

Шынында, баланың күні бойы компьютердің алдында отыруы немесе көше кезіп жүргенінен гөрі жазғы демалысты лагерьде қызықты әрі пайдалы өткізгені әлдеқайда тиімді. Балалар, Орталығымыздағы Қарағанды қаласы «Саңырауылар мәдениет үйінің» «Әлемді жүрегіммен көремін» есту қабілеті шектеулі адамдардың көркем және сәндік-қолданбалы өнер көрмесінің ашылуының куәгері болды.

Жазғы лагерь баланың қоғамдық өмір дағдыларын дамытып, өзін-өзі басқаруын, ұқыптылығын шыңдайды. Ата-ананың жұмысын алаңсыз тындырып, көз-қуаныштарымен сағынысып қауышатыны да бар. Себебі, жазғы демалыс бала жанын жадыратататын шақ қой, шіркін!

**Ләззат ДИХАНБАЕВА,**
**Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының ғылыми қызметкері**
**ТЕМІРТАУ**

● ТАНЫМ

# Дәстүр неге дәріптелмейді?

**Мәдениетіміз бен әдебиетімізді, тұрмыс-тіршілігімізді, түсінігіміз бен танымымызды көрсететін ұлттық салт-дәстүрдің қазақ тарихында алар орны ерекше. Жалпы, салт-дәстүр дегеніміз – ықылым заманда әр халықтың сенім-нанымына, тұрмыс-тіршілігіне, күнкөріс кәсібіне байланысты қалыптасып, уақыт сынынан өтіп, табиғи түрде, өздігінен бір жүйеге келтірілген. Және елмен бірге жасасып келе жатқан әдеттер мен ырым-жоралардың ерекше түрі.**

Ата-бабамыздың өсиеті болып келе жатқан ұлттық салт-дәстүріміздің тәрбиелік, танымдық мәні зор. Кей дәстүріміз – сонау заманнан бері қалыптасып, қаймағы бұзылмай сақталған болса, енді бірі заманның ағымына сай халық арасында ұмыт болып кеткен. Шет елдерге деген шектен тыс еліктеушілік салт-дәстүріміздің қолданылу шеңберін тарылтты десек болады.

Десе де, сана-сезімімізді оятып, мінез-құлқымызды қалыптастыратын ұлттық құндылығымыздан ешкім түбегейлі алыстаған емес. Мәселен, үйлену той, қыз ұзату, беташар, сырға салу сынды дәстүріміз еліміздің әр өңірінде асқан салтанатпен өтеді. Алайда, «Елу жылда – ел жаңа» демекші, орындалу әдебінде сәл өзгешелік бар. Орталық Қазақстанда ұзату мен беташарда бір той қылып өткізсе, оңтүстік өңір жеке күн арнайды. Қалыңдықтың бетін ашуға заманауи әндердің мақамын қолданады. Ертеректе қалыңдықтың бетін ақындар ашса, қазір домбыра шерткеннің бәрі әзір. Мұндағы басты мақсат – жаңа түскен келіннің әулеттің үлкендерінен ақ бата алу, бірақ, жаңа ғасырымызда беташардың көркі ортаға түскен ақшамен өлшенетін секілді. Ал, алып қашу, қалыңдықтың қалың малын беру болса, оңтүстік аймақта кең етек алып тұр. Қыз айттырып бару, бесік құда, бел құда болуды, тіпті, санамыздан шығарып тастадық деуге болады.

– Қазір ұлттық салт-дәстүр туралы айтсақ, сақталып жүр деп айту қиын. Жастар өзгерді ғой. Заман ағымына сай, жастардың да талабы күннен-күнге өзгеріп келе жатыр. Біздің кездегі қонақ кәдесі, тоқымқағар сынды салт-дәстүрлер қазір кеңінен қолданылып жүр деп айта алмаймын. Осы уақытқа дейін аймақ-аймаққа бөлініп, салт-дәстүріміздің сан қилы қырынан әртүрлі өзгешеліктер көріп келеміз. Жалпы, ұлттың қалыптасуына, таным-түсінігін түзетуге ұлттық салт-дәстүр елеулі үлес қосады. Неғұрлым салт-дәстүрмен жүрсек, біздің келешегіміз кең деп ойлаймын, – деді Құрма ауылының тұрғыны 70 жастан асқан ақсақал Орал Карин.



Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

– Қазіргі таңда салт-дәстүр толық орындалады деп ойламаймын. Көп жағдайда тойлануы тиіс дәстүрлер өз деңгейінен төмендеп кетті. Халық салт-дәстүрлерді көп қолданбайды. Бірқатар дәстүрлер ұмытылып барады. Атап айтсақ, қыз қуу, ерулік, әмеңгерлік сынды дәстүрлер. Қазақстан бойынша, батыс жұрты мен оңтүстік, оның ішінде Шымкент, Түркістан қалаларында салт-дәстүрі кеңінен қолданылады, – деді қаланың жас тұрғыны Назым Асанқызы.

Біз салт-дәстүрімізді жоғалтпай, дәріптеп, іні-қарындастарымызға жеткізуіміз қажет. Дана халқымыздың өзі жасаған ұлттық салт-дәстүріміз – жұртты адастырмас алтын қазына.

**Дарина САМЕН,**
**Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің II курс студенті**

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ
Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР
Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.
«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412
Таралымы 5 508
№ 63 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН